

Отаншылдық
рухы бізге
ауадай қажет.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

#QAZAQSTAN30



«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ
МЕН ҮШІН
МАҢЫЗЫ...»

4

САНАҚТАН ӨТІЗІ!



СҰХБАТШЫЛАР

1 қазаннан
үй-үйді аралауды
бастады

4

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

02.10.2021

Түнде:



+3+5 °C

Бұлтты, кей уақытта
жаңбыр.

Күндіз:



+8+10 °C

Бұлтты, кей уақытта
жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

03.10.2021

Түнде:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-10 м/с

ЕРТЕҢ – ҰСТАЗДАР КҮНІ

ҰСТАЗДЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ – МЕЙІРІМІНДЕ!



Қазақ халқы «Ұстазды атаңнан да әзіз тұт» деген бір-ақ ауыз сөзбен мұғалімге деген құрметтің қандай болуы керектігін меңзейді. Ұстаз – еңбегі өлшеусіз, баға жетпес ұлы тұлға.

Ұстаздың ұлылығы – мейірімінде! Алып та, дана да – ұстаздың шәкірті. Мұғалім салған сара жолмен әкім де, қара да, ғалым да, дарын да білім мен білікке жетіп, биіктерге көтеріледі. Ұстаз салған сұрлеумен жүреді, ілгері басады. Ұстаздың

ұлағатты еңбегінің арқасында Азамат атанады. Жыл сайын қазан айының алғашқы жексенбісінде еліміз ұстаздар мерекесін атап өтеді. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, үлкен өмірге жол салып, жөн сілтейтін абзал жандарға құрметіміз қашан да жоғары.

«Almaty aqshamy» газетінің бүгінгі санынан ұлағатты маман иелері жайлы материалдар топтамасын оқыңыздар.

8-9

НАРЫҚ

АЗЫҚ-ТҮЛІК: БАҒА БАҚЫЛАУДА

Алматыда 19 өнімнің бағасы 2021 жылдың соңына
дейін тұрақты күйінде қалады



Алматыда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының өсуіне жол берілмейді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы басшысының орынбасары Дамир Тазабек мәлімдеді.

2

ҚЫСҚА...

- Қалада бүгін жылыту маусымы басталды.
- Қазақстан мен Сингапур Алматы–Қапшағай трассасының бойында төрт ауданнан тұратын G4 City атты жаңа мегаполисті бірге дамытпақшы.
- Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты елімізде «Ауылдың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» атты марафон басталды.
- Елімізде 2 млн. 236 мыңнан астам зейнеткер бар.
- Президент тапсырмасына орай Алматыда көтерме-тарату орталықтары құрылады.
- Мегаполисте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының өсуіне жол берілмейді.
- Автокөлікті тексермстен құжат беретін техникалық байқау орындары бұдан былай жауапқа тартылатын болды.

www.almaty-akshamy.kz





ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ЭФИРДЕ -
ҚАЗАҚ РАДИОСЫ!Рая
ЕСКЕНДІР

Биыл Қазақ радиосына 100 жыл толып отыр. Осыған орай салтанатты жиын өтіп, онда ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың құттықтау хаттары оқылды.

«Бір ғасыр ішінде осы қарашаңырақта еңбек еткен майталман журналистер мен көрнекті қайраткерлер көпшіліктің ыстық ықыласына бөленіп, өшпес із қалдырды. Әуе толқынында көптеген бағдарламалар төл мәдениетімізді насихаттауға, ана тілімізді дәріптеуге, ұлт санасын жаңғыртуға өлшеусіз үлес қосып, қазақ руханиятының алтын қорын қалыптастырды. Қазіргі таңда Қазақ радиосы – еліміздегі заман талабына сай дамыған іргелі ақпарат құралының бірі де, бірегейі. Радио алдағы уақытта да жақсылықтың жаршысы болып, талғамы биік тыңдарман қауымды танымдық хабарлармен, тағылымды бағдарламалармен қуанта береді деп сенемін», – деп жазды Елбасы өзінің құттықтауында.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Қазақ радиосының жылнама-сы – халқымыздың 100 жылда жүріп өткен жолының айнасы. Радио алғаш құрылған күннен бастап ел мүддесіне қызмет етіп келеді. Қазір де Тәуелсіздіктің қадір-қасиеті мен ұлттық құнды-

лықтарды жастардың санасына сіңіруге сүбелі үлес қосуда. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына тұспа-тұс келген бүгінгі мерейтойдың орны бөлек. Биылдан бастап 1 қазан – «Радио күні» болып бекітілді. Мұның өзі бұл саланың ақпарат айдынындағы рөлі ерекше екенін аңғартады», – деп атап көрсетті.

Салтанатты жиында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева Қазақ радиосын мерейтойымен құттықтай келе, оның таралым аумағын кеңейту мақсатында шекара маңындағы аумақтарда радиохабар таратудың мемлекеттік желісін дамыту жөніндегі 2022–2025 жылдарға арналған жол картасы қабылданып, конкурс негізінде Қазақ радиосына 107 радиожилілік спектрі бөлінгенін айтты. Оның нақты мысалы ретінде жиын барысында ШҚО, Тарбағатай ауданы, Көкжыра елдімекенінде жаңа радиожилілік іске қосылды.

Шара барысында Б.Момышұлы, Қ.Қайсенов, М.Әуезов, А.Жұбановтың «Алтын қорда» сақталған, ұнтаспаға жазылған сұхбаттарынан үзінділер беріліп, Қазақ радиосының тарихи хронологиясы таныстырылды.

Мерекелік шараға орталық мемлекеттік орган басшылары, радио ардагерлері мен Қазақ радиосының ұжымы және ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, БАҚ басшылары, қоғам қайраткерлері қатысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЖАСӨСПІРІМДЕР ТӘРБИЕСІ -
ТҰРАҚТЫ НАЗАРДАӘсел
ДАҒЖАН

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаровтың төрағалығымен бейнеконференцияланас режимінде кәмететке толмағандардың ісі және олардың құқығын қорғау жөніндегі қалалық ведомствоаралық комиссиясының отырысы өтті. Жиын кезінде Ержан Жалбақұлы жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша ҰЕҰ-мен ынтымақтастықты нығайту қажеттігін айтты.

Кәмететке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 11 жалпықалалық жедел-профилактикалық іс-шаралар жүргізілді. Кәмететке толмағандардың істері және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссия отырыстарында кәмететке толмағандардың мүддесі үшін түрлі фактілер бойынша 247 материал қаралды. Кәмететке толмағандардың ойын-сауық мекемелерінде (22.00-ден кейін) және тұрғын үй-жайлардың сыртында (23.00-ден кейін) түнде жалғыз өздері, үлкендердің қарауынсыз жүргені үшін 4546 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жиырма алты ата-анаға ата-ана құқығынан айыру

түріндегі төтенше шара қолданылды. 252 ата-ана бала тәрбиесі бойынша міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Кәмететке толмаған 473 бала қиын өмірлік жағдайдағы балаларды қолдау орталығына жатқызылды. Кәмететке толмағандар полициясының мәліметінше, жалпы қала бойынша кәмететке толмағандарға қатысты қылмыстар 2,6% төмендеген. Бір ескеретіні, отбасы қиын өмірлік жағдайға тап болған кәмететке толмағандарға психологиялық қолдау көрсетуге ерекше назар аударылады.

Жиын кезінде мектеп оқушыларымен жұмысты жетілдіру бойынша айтылған ұсыныстардың ішінде кәмететке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу мәселелері бойынша жобаларды іске асыруға үкіметтік емес ұйымдарды тартуға баса көңіл бөлінді. Әкімнің орынбасары Ержан Бабақұмаров бірлесіп жұмыс істеу тетігін, оның ішінде қылмыстың алдын алу мәселесі бойынша ҰЕҰ үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру жолымен және мектеп психологтеріне «қауіп-қатер тобындағы» тұлғаларды анықтаудың жаңа құралдарын енгізу бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсету және олармен жұмыс істеу тетігін пысықтауды тапсырды. Сондай-ақ, кәмететке толмағандар арасында және оларға қатысты қылмыстың алдын алу жөніндегі үйлестіру кеңесінің жұмыс аясын кеңейту мүмкіндігі қаралмақшы.

НАРЫҚ

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Д.Тазабек ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың ӘМАТ бағасын тұрақтандыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, сондай-ақ, Қазақстан халқына Жолдауын орындау мақсатында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мәселесі Алматы қаласы әкімдігінің ерекше бақылауында екенін атап өтті.

– Сату бағасын тұрақтандыру дүкендер мен жергілікті базарлардың сөрелеріне қатысты. Қала әкімдігі сауда желілерімен, тауар өндірушілердің ірі бірлестіктерімен ынтымақтастықта. Алматының базарлары мен сауда желілеріне тікелей жеткізу ұйымдастырылған, – деді Д.Тазабек.

Брифинг барысында ведомство өкілі әкімдік пен Алматы облысының кәсіпорындары арасында «JLC Сүт» өндірушісінің сүті мен сүзбесін «Магнум» сауда желісіне, «Naz-Dana» ІШҚ-ның пиязын және «ТЖН және К» агрофирмасын «Тоймарт» және «Магнум» желілеріне, сондай-ақ, «Бірлік агрофирмасына» тікелей жеткізу туралы шарт жасалғанын айтты.

Сондай-ақ, жиында жыл басынан бері Алматыда қарақұмық жармасына (361 тг/кг, 30 наурызға дейін жарамды), жұмыртқаға (487 тг/ондаған, 30 маусымға дейін жарамды) және қырыққабатқа (83 тг/кг, 15 қыркүйекке дейін жарамды) шекті бағалар белгіленгені айтылды.

Бұдан өзге, апта сайын Алматы қаласының барлық аудандарында демалыс күнінің азық-түлік жәрменкелері өткізіледі, оған Алматы облысының жақын аудандарының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері, сондай-ақ, мегаполистің азық-түлік кәсіпорындары қатысады.

– 2021 жылдың басынан бері 380 жәрменке өткізіліп, 40 млн. теңгеден астам сомаға 5 мың тоннаға жуық өнім сатылды. Сондай-ақ, біз жыл сайын Алматы, Жамбыл, Түркістан

АЗЫҚ-ТҮЛІК:
БАҒА БАҚЫЛАУДААлматыда 19 өнімнің бағасы 2021 жылдың
соңына дейін тұрақты күйінде қалады

және Шығыс Қазақстан облыстарының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің кеңейтілген жәрменкелерін өткіземіз, – деп жалғастырды Д.Тазабек.

Алматы қаласының 7 негізгі базарында: «Көк базар», «Жаңа Ақбұлақ» (көтерме сауда), «Сары-Арқа», «Тастақ», «Таусамалы», «Алматы-1», «Түркісіб» жәрменкесі 2021 жылғы ақпаннан бастап «әлеуметтік дүкендер» ашылды, онда 10 түрлі ӘМАТ (картоп, сәбіз, пияз және қырыққабат, қант, қарақұмық жармасы, күнбағыс майы, күріш, мүйіз, ұн) төмендетілген бағамен сатылады, бұл сатушылар арасында бәсекелестік орта қалыптастырады. Аталған сауда нүктелерінің операторы «MCC Trade» ЖШС болып табылады, оған осы жобаны іске асыру үшін 307 тоннадан астам өнімді сатып алу және сату үшін 35 млн. теңге мөлшерінде қарыз берілді.

Еске салсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында жергілікті атқарушы органдарға өндірушілердің тізбегі бойынша бағаларды бақылауды қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Осыған байланысты қалада бірқатар шаралар қолға алынған.

– Ағымдағы жылдың қараша айында Алматы индустриялық аймағының маңында 17 гектар алаңда «Ұлттық сауда-тарату желісі» ЖШС тарату орталығының құрылысын бастау жоспарланған. Пайдалануға беру 2023 жылдың басында күтілуде. Жеке инвестор жобаны мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде іске асырады. КТО-ның бұл жобасы бүкіл ел бойынша 24 көтерме-тарату орталықтарынан тұратын ұлттық тауар өткізу жүйесін құру жөніндегі жобаның құрамдас бөлігі болып табылады, – деп хабарлады Д.Тазабек.

Жоба аясында инвестиция сомасы 35 млрд. теңгені құрайды. Бұл суармалы жерлерде өсірілетін өнім көлемін ұлғайтуды қоса алғанда, жеміс-көкөніс өнімдері өндірісінің өсуінің негізгі факторы болады деп күтілуде. Бұл ретте азық-түлікті сақтаудың, сатудың және бөлудің жаңа технологиясы құрылатын болады. Көтерме сауда орталықтары өнімді сақтау мен өңдеуден бастап тарату мен сатуға дейін мамандандырылған қызметтерді ұсынады.

Бүгінде бас мердігермен бірге жобаның жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі мемлекеттік сараптамадан өтті.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Жылыту
маусымына
қаладағы
8257
тұрғын үй нысаны
дайын.Мегаполисте 14–28
жас аралығындағы
506 000
жас тұрғын бар.Алматыдағы электр
желісінің
ұзындығы
8,5 мың
шақырымды
құрайды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Жаурамайтын
болдықБүгін Алматыда 2021-2022 жылдардың
жылыту маусымы басталды

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша қолайсыз метеорологиялық болжамдар мен Алматыдағы ауа райының күн сайынғы мониторингіне байланысты жаңа жылыту маусымы күні бұрын ашылмақ.

Қолайлы жағдайды талап ететін ұйымдардың жұмыс ерекшелігін ескере отырып, ең алдымен, жылу жүйесіне денсаулық сақтау, білім беру ғимараттары мен басқа да әлеуметтік нысандар қосыла-

ды. Содан кейін жылытуға көптегерлі тұрғын үйлер, содан соң жылу энергиясының басқа да тұтынушылары қосылады.

Бұрын хабарланғандай, шаһарымызда жылу көздерінің, газ желілерінің, қазандықтардың дайындығы қыркүйек айының соңында 100% қамтамасыз етілді.

Тұрғын үй қорының 8257 нысанына, 443 білім беру және 91 денсаулық сақтау нысанына жылу беріледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



АКТИВ

БАСЫМ БАҒЫТТАР АЙҚЫНДАЛДЫ



Рая
ЕСКЕНДІР

Қала әкімінің орынбасары
Ержан Бабақұмаров орта білім
беру жүйесіндегі өзекті
мәселелерді талқылады.

Шаһар басшысының орынбасары қаладағы орта білім беру мекемелері, арнайы мектеп-интернаттар директорлары мен ҰЕҰ өкілдерінің қатысуымен қалалық Білім басқармасы активінің кеңейтілген жиынын өткізді.

Жиын барысында биылғы 9 айдағы жұмыс қорытындысы, ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы мен «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі «Жол картасында» белгіленген міндеттердің орындалу барысы кеңінен қаралды. Алматы қаласындағы мектептердің пандемия кезіндегі оқу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қолға алған шаралары да кеңінен сөз болды.

Бүгінгі таңда қала мектептерінде 21 мыңнан астам мұғалім мен 18 мыңнан астам мектеп қызметкері жұмыс істейді. Барлық қызметкерлер 100% егілсе, барлық мектептерге «Ashyq» жобасы орнатылған.

Сонымен қатар, қазіргі кезде барлық мектептерде індетті жұқтыру қаупінің алдын алу бойынша ақпараттық жұмыстар жүргізіліп, оқушыларға сақтық шараларын түсіндіру бойынша сынып сағаттары өткізілуде.

Кеңейтілген жиында қаладағы 8 арнайы мектеп-интернат жұмысы қаралды. Бұл мекемелер қолдауды қажет ететін балалардың әлеу-



меттік ортаға бейімделуіне көмек көрсетеді. Сондықтан дефектолог, логопед, сурдопедагог, тифлопедагог, психолог және әлеуметтік педагог сынды мамандардың атқаратын еңбегі зор екені баса айтылды.

Алматыдағы барлық мектеп-интернаттары арнайы оқу бағдарламаларымен, оқулықтармен, интерактивті такталар, шеберханалар, сенсорлық және ойын кабинеттерімен толық жабдықталған. Бүгінгі таңда интернаттардың материалдық-техникалық базасы толық қамтылған. Қалалық әкімшілік тек интернаттар үшін 1129 ноутбук пен 331 планшет алып берді. Сонымен қатар, әрбір баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, Даму бағдарламасы жасалды.

Жиын барысында өмірлік қиын жағдайға тап болған балалардың құқығын қорғау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде де сөз болды. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлы-

ғынсыз қалған балаларға арналған «Жанұя» мамандандырылған кешені, «Жастар үйі» әлеуметтік мекемелерінің түлектерін бейімдеу және қолдау орталығы, «Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы» мен Денсаулық сақтау ұйымдарындағы жүріп жатқан жұмыстардың есебі тыңдалды.

Мәселен, Алматыда 29 жасқа толмаған, көмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға 17 пәтер берілсе, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 2 бала ЖОО-ға, 32-сі колледжге түсті.

Кеңес барысында Білім басқармасының басшысы Л.Жылқыбаева, көпбалалы аналар қозғалысының белсендісі Ирина Ким, бас мемлекеттік санитарлық дәрігер Ж.Бекшин сөз сөйледі.

Жиын соңында қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров жұмысты күшейтуді қажет ететін бағыттарды белгіледі.

КЕҢЕС

Бірлескен іс-қимыл жоспары әзірленеді



Әсел
ДАҒЖАН

Қала әкімінің орынбасары
Ержан Бабақұмаров Жастар ісі
жөніндегі кеңестің отырысын
өткізіп, жастар
қауымдастығымен өзара
іс-қимыл бойынша жұмысты
күшейтуді тапсырды.

Ержан Бабақұмаровтың төрағалығымен онлайн-режимде Жастар ұйымдары мүшелерінің қатысуымен өткен кеңесте жастар ұйымдарының өкілдері қала әкімдігі жанындағы жұмыс тобына қосылатыны белгілі болды.

Жиында Алматы жастарының дамуына әсер ететін мәселелер талқыланды. Олардың ішінде өзін-өзі дамыту, жеке кәсіпкерлік ісін ашу мен жүргізу, нәтижелі жұмыспен қамту, сапалы білім беру қызметтерін алу бойынша қолда бар мүмкіндіктер, сондай-ақ, қалада жастардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жаңа әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша қала әкімдігімен бірлескен жұмысқа қатысу жайы айтылды.

Ресми деректерге сүйенсек, мегаполисте 14–28 жас аралығында 506 мың жас тұрғын бар. Бұл ретте көші-қон деңгейінің жоғары болуына байланысты жыл сайын қалаға 35 мыңға жуық жас келеді және 20 мыңға жуық жас кетеді.

Жүргізілген әлеуметтік зерттеу қорытындысы бойынша Алматы жастарының өмірімен қанағаттану индексі 77,8%-ды көрсеткен. Мектеп (14–17 жас: 71,7%) және студенттер (18–21 жас: 74,0%) жастары арасында өмірмен қанағаттану деңгейі ең жоғары көрсеткіште тұр.

Оң бағалар Наурызбай (71,8%), Жетісу (69,7%) және Бостандық (68,9%) аудандарының тұрғындары арасында басым. Жалпы, Алматы жастарының әрбір екінші өкілі жұмыспен қамтылған – 63,7%. Қазіргі жұмыс жастардың 64,4%-ын қанағаттандырады. Бұл ретте кәсіпкерлік іске мүдделіліктің жоғары деңгейіне қарамастан әрбір он бірінші жас өзін-өзі жұмыспен қамтыған (8,6%). Жалпы талдау қорытындысы бойынша жұмыстың 5 негізгі бағыты айқындалды: сапалы білім беру, жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту, қолжетімді тұрғын үй және кәсіпкерлікті дамыту, атаулы-профилактикалық жұмыс пен салауатты өмір салты.

Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Р.Бекбергенов жұмыстың басым бағыттарының бірі – NEET санатындағы жастарды жұмыспен қамту екенін айтты. Жүйелі жұмыс аясында биыл Жұмыспен қамту орталығы арқылы 6404 жас тұрақты жұмыс орнына орналастырылды.

Отырыс барысында Кеңес мүшелері жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, кәсіпкерлікті дамыту, жастар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу бағыттары бойынша нақты ұсыныстар жасады.

Отырыс қорытындысы бойынша, Е.Бабақұмаров жастар қоғамдастығымен, оның ішінде жастар ұйымдарының көшбасшыларын қала әкімдігі жанындағы жұмыс істейтін мамандандырылған жұмыс топтарының құрамына қосу арқылы өзара іс-қимылды күшейтуге назар аударды. Жұмыс кезеңінің қорытындысы бойынша 2022 жылға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары әзірленеді.

ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚ



Динара
МҰРАТ

Кеше Алматы қаласы индустриялық аймағында екі зауыттың алғашқы кірпіші қаланып, Томотерапия орталығы ашылды. Жаңа нысанның ашылуына байланысты салтанатты іс-шараға ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Алмас Айдарұлы мен ҚР Түркиядағы елшісі Абзал Сапарбекұлы, «Kazakh Invest» ҰК» АҚ, «Алматы» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының (Алматы ӘКК), Алматы индустриялық аймағының өкілдері, шетелдік инвесторлар қатысты.

Онкология және радиология институтының ғимаратында жаңа ашылған Томотерапия орталығында жылына 12 мыңға дейін сәулелік терапия сеанстарын өткізуге болады. Оның «Orhun Medical» (Түркия) ЖШС тұлғасындағы инвесторы орталықтың құрылысына 2,7 млрд. теңге салады. Жобаның операторы «Alma Medical Group» ЖШС. Жоспар бойынша инвестициялық жоба 70 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Одан әрі делегация «Алматы» ӘКК компаниялар тобына кіретін индустриялық аймақ аумағында екі жаңа зауыт құрылысының іргетасын қалау рәсіміне қатысты. «Celkonsan Stroo» ЖШС (Түркия) металл қоршаулар шығаратын зауытты 2023 жылы пайдалануға беру жоспарлануда. Жобаның құны 1,5 млрд. теңгені құрайды, оны іске қосқаннан кейін 25 жаңа жұмыс орны ашылады. Кәсіпорынның қуаттылығы жылына 12 мың тонна жол қоршауларын және 15 мың тонна ыстық мырыштау бұйымдарын құрайды.

«Біздің Түркия елімен өндірістік әлеуетімізді дамытуда бұрыннан ынтымақтастығымыз берік. Бүгін, міне, сол елдегі үздік компаниялардың бірімен келісімге келіп отырмыз. Жалпы, бұл компания Алматыда бұрыннан жұмыс істеп келеді. Келешекте зауыт іске қосылғаннан кейін жалпы сомасы Қазақстан ішкі нарығының 16 миллион долларлық өнімін шығаруды көздеп отыр. Одан бөлек, 6 миллион доллар көлемінде көршілес елдерге экспорттау мәселесін көтеріп отыр. Мұның барлығы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020–2030 жылға арналған



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖАҢА НЫСАНДАР БОЙ КӨТЕРЕДІ Алматыда Томотерапия орталығы ашылды

Сыртқы істер министрлігінің жаңа экономикалық стратегиясына сәйкес алғашқы нәтижелердің бірі», – деді елші Абзал Сапарбекұлы.

Алматы төрінде тағы бір іргесі қаланған «Panelsan» сәндвич-панельдер өндіру зауыты («Алматы Сәндвич Панель» ЖШС) жылына 1 млн. шаршы метрге дейін өнім шығаруға ниетті. Жоба құны 3,7 млрд. теңгені құрап, келешекте 100-ге жуық жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

«Біздің өнім ҚР құрылыс саласына бағытталған. Алайда, жалпы өнімнің 20%-ға жуығын жақын шет елдерге экспортқа жіберуді жоспарлап отырмыз. Біз нарықты, жергілікті өндірушілерді зерттей келе, көптеген желілер жартылай автоматтандырылғанын түсіндік. Тиісінше, олар ескірген өнімдер шығарады. Сондықтан біз Қазақстанда баламасы жоқ, толықтай автоматтандырылған, жоғары технология-

лық жабдықтарды сатып алуды жоспарлап отырмыз. Зауытты іске асыру мерзімі 2022 жылдың соңы», – деді Ернар Кенбаев.

Бүгінде Қазақстанда Түркиядан келген инвесторлардың қатысуымен 50-ден астам инвестициялық жоба сәтті жүзеге асырылды. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде түрік серіктестеріне жан-жақты жәрдемді ҚР СІМ, Қазақстанның Түркиядағы Елшілігі, «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ және Алматы қаласының әкімдігі, «Алматы» ӘКК, Алматы индустриялық аймағы атынан жергілікті атқарушы органдар көрсетіп отыр.

«Соңғы бірнеше күн ішінде біз Қазақстанда 7 жаңа түрік жобасын іске қосамыз, оның ішінде бүгін Алматыда екі зауыттың алғашқы кірпіші қаланды. Еліміздің Түркиямен байланысы тығыз. Бауырлас ел Қазақстанның ірі инвесторларының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда біздің республика-

мызда түрік капиталы бар 3,5 мыңға жуық компания белсенді жұмыс істейді. Түркиядан Қазақстанға тікелей инвестиция көлемі 350 млн. долларды құрайды. Бұл деңгей өткен жылы пандемияға қарамастан тұрақты болды. Айтпа кетейік, түрік инвесторларының арасында шағын және орта бизнес өкілдері көп. Осы екі зауыт құрылысының қарқынды өсуімен түсіндіріледі. Мәселен, өткен жылы Қазақстан шамамен 15 млн. шаршы метр жаңа алаң енгізді, ал биыл 17 млн. шаршы метр жоспарланған. Мысалы, Қазақстанда жаңа технология бойынша сәндвич-панельдер шығарылмайды. Аталған зауыттардың құрылысы құрылыс материалдарының құнын төмендетуге мүмкіндік беріп, логистикаға қаражатты қысқартуға септігін тигізеді», – деп түйіндеді ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Алмас Айдаров.



#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің
мен үшін
маңызы...»**Гүлбағыс
КЕМЕЖГЕРОВА,
мұғалім:**

– Тәуелсіздік. Осы сөзде қаншама мағына жатыр. Ең қымбат байлықтың бірі – бостандық, тәуелсіздік. Міне, биыл ашы термен келген тәтті жеңісіміз – Тәуелсіздігімізге 30 жыл. Қазақстан – менің мемлекетім ғана емес, менің үйім, Отаным. Менің жетістігім – Отанымның жетістігі. Бұрынғы кездерімді еске алсам, кеудемді қуаныш билейді. Себебі, мен Тәуелсіз елде дүниеге келген бақытты ұрпақпын. 7-сыныпта оқып жүрген кезімде мектебімізге қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен беретін жаңа мұғалім келді. Ең бірінші күннен-ақ жылы жүзімен, ақжарқын мінезімен мені баурап алды. Әрбір айтқан сөзі, білім-тәрбиесі жүрегіме жылу сепіп, көңіліме нұр құятын қайнар көзге айналды. Әдебиетке деген сүйіспеншілігімді оятып, шығарма жазудағы шеберлігімді шыңдады. Сол кезден бастап «қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болсам» деген арман көкейімнен шықпай қойды. Мұғалімдік мамандықты таңдап, ұстаз болуыма әсер еткен – егемендігіміз, еркіндігіміз деп санаймын.

**Сағит МАХАНОВ,
Жедел шұғыл көмек
көрсету ауруханасы
травматология және
ортопедия бөлімшесінің
менгерушісі:**

– Тәуелсіздіктің төл құрдасы болу – мен үшін бақыт әрі зор жауапкершілік. Тәуелсіз мемлекет атанып, жаңа өмірге қадам басқан Қазақстанмен бірге туып, бірге өсу – үлкен мәртебе. Осынау еркіндігіміздің арқасында дәрігерлік мамандығын таңдадым. Қазіргі таңда Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасында травматология және ортопедия бөлімшесінің менгерушісі болып жұмыс істеймін. І санатты травматолог-ортопед, қоғамдық денсаулық сақтау магистрі атандым. Білім жолында әлем елдерін араладым. Лиссабон, Португалия, Барселона, Испания. Измир, Түркия, Санкт-Петербург, Ресейде тағылымдамалардан өттім. Алғашқы еңбек жолымды №4 қалалық клиникалық ауруханада травматолог-ортопед ретінде бастадым, содан кейін Алматы көпсалалы клиникалық ауруханасында жұмыс істедім. 2017 жылғы ақпанның 13-інен бастап Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасында ашылған №2 травматология және ортопедия бөлімшесінің менгерушісі болдым. Қазіргі таңда денсаулық саласы қарқын алып, еліміздің әрбір тұрғыны өз денсаулығын жақсартып келеді. Бұрындары өзін тұратын елдімекенде медициналық қызметкерлер аз болатын, ата-анамыз емделу үшін қалаға барып әбгігер болатын. Ал қазір ауылымыз біртіндеп дамып, барлық жағдай жасалуда. Еліміздің еркіндігі Алланың бізге берген сыйы деп білемін.

Әзірлеген Ақтөлқын ТҮРЛЫҒАЗЫ.



Қазақстанда Жалпыұлттық халық санағының аясында үйлерді аралау кезеңі басталды. Бұл туралы брифингте Ұлттық статистика бюросының басшысы Нұрболат Айдапкелов мәлімдеді.

«1 қазаннан бастап халықты толық қамту мақсатында жаппай аралау кезеңі басталды. Ол 30 қазанға дейін жалғасады», – деді Спикер.

Интервьюер қызметіне бастамашыл, жауапты, коммуникабельді, компьютерде жұмыс жасай алатын 18 жастан асқан Қазақстан азаматтары тартылғанын жеткізді. Сауалнама жүргізетін қызметкерлер жұмысында планшетті қолданатын болады.

Санаққа онлайн қатысқан азаматтарға интервьюерлер (сұхбатшылар) сауалдарына қайталап жауап берудің қажеті жоқ. «Санақ сұрақтарына онлайн-режимде жауап бергендер санақтан өткені туралы хабарламаны көрсетеді. Интервьюер тұрғын үй-жайдағы барлық адамдар санақтан өткеніне көз жеткізгеннен кейін өз учаскесінің келесі мекенжайына барады», – деп түсіндірді Нұрболат Айдапкелов. Ол, сондай-ақ, барлық интервьюерлермен планшетпен жұмыс істеу, сауалнама жүргізу әдістері бойынша оқыту жұмыстары жүргізілгенін атап өтті.

Қазіргі уақытта республика бойынша санақ персоналы ретінде 23 367 адам жұмысқа алынды. Олардың ішінде 2693 нұсқаушы-бақылаушы және 20 764 интервьюер.

Санақтан онлайн өту мүмкіндігі 15 қазанға дейін қолжетімді болады. Санақ сұрақтарына жауап берудің бірнеше жолы бар. Бұл sanaq.gov.kz мамандандырылған сайты, Е-Gov порталы арқылы, сондай-ақ, «Aitu» мобильді қосымшасын пайдалана отырып авторизациядан өту.

1 қазан сағат 11.00-дегі жағдай бойынша онлайн-санақтан 6 429 018 адам өтті. Атап өтерлігі, респонденттердің 86 пайыздан астамы смартфон арқылы санақтан өткен. Санақтан онлайн-режимде өткендер саны бойынша Түркістан облысы көп бастап тұр. Өңірдің 865 824 тұрғыны санақтан өткені туралы хабарлама алды. Алматы облысында 705 646 адам тіркелген. Көшбасшылар үштігін Шығыс Қазақстан облысы түйіндейді. Мұнда халық санағының сұрақтарына 612 804 адам жауап берді.

Осы көрсеткіш бойынша Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстары соңғы орындарда. Бұл өңірлерде санақтан сәйкесінше 181 024 және 155 779 адам өтті.

Егер нақты өңірдің онлайн-санақпен қамтылған халқының үлесі бойынша есептесек, онда Қызылорда облысы көп бастап тұр. Мұнда 48,8% адам қамтылған. (1 тамыздағы жағдай бойынша өңірде 823 052 адам тұрады). Екінші орында Шығыс Қазақстан облысы. Мұнда бұл көрсеткіш 45%-ға жетті (1 тамыздағы жағдай бойынша өңірде 1 361 163 адам тұрады).

Сұхбатшыларды қалай
тануға болады?

Халық санағы аясында сауалнама жүргізетін интервьюерлердің барлығы COVID-ке қарсы вакцина алған. Бұдан бөлек, олар жеке қорғаныш заттармен қамтылды.

Интервьюердің міндетіне еліміздің қалалары мен ауылдарындағы үй шаруашылықтарын жаппай аралау кіреді. Үйлерді аралау кезеңінде интервьюерде арнайы куәліктер мен Ұлттық санақтың логотипі бейнеленген көк түсті шарф пен сөмке болады.

СҰХБАТШЫЛАР

1 қазаннан үй-үйді аралауды бастады

«Куәлікте аумақтық статистика департаменті басшысының қолымен және мөрмен расталған интервьюердің фотосуреті, толық аты-жөні болады. Куәліктің жоғарғы бөлігінде тіркеу нөмірі көрсетіледі. Бұл нөмірді sanaq.gov.kz сайтында «Интервьюерді іздеу» жолына енгізуге болады, содан кейін сайтта интервьюердің деректері көрсетіледі. Сондай-ақ, интервьюердің жеке басын 1446 нөміріне қоңырау шалу арқылы да тексеруге болады», – деді Бюро басшысы.

ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ
халық санағы кезіндегі басты
басымдықтардың бірі

Бюро басшысы тұжырымдағандай, Ұлттық халық санағына қатысатын азаматтардың жеке деректерін қорғау – негізгі басымдықтардың бірі.

«Халық санағы кезеңінде орталық санақ серверіне деректерді жеткізу екі жолмен жүзеге асырылатын болады. Бірінші әдіс – планшеттен ұялы байланыс операторының пакеттік деректерінің қауіпсіз желісі (Интернетке қосылусыз) арқылы онлайн-режимінде. Байланыстың бұл түрі барлық деңгейлерде (қалалық, аудандық, ауылдық), интервьюер планшетпен оператордың қызметімен қамту аймағында болған жағдайда қолданылуы мүмкін», – деп түсіндірді ол.

Деректерді берудің екінші әдісі ұялы байланыс желісі нашар шалғай елдімекендерде сауалнама жүргізу кезінде қолданылады. «Интервьюерлер үшін деректерді жергілікті атқарушы органдар (ауылдық округтердің әкімдіктері) қосылған арнайы желі арқылы офлайн-режимінде орталық санақ серверіне беру мүмкіндігі қарастырылған», – деп атап өтті Н.Айдапкелов.

Сонымен қатар, ол мұндай байланыс түрі ЖАО-ның барлық деңгейлерінде (қалалық, аудандық, ауылдық) қолжетімді екенін жеткізді.

«Бұдан басқа, барлық аумақтық статистика органдары қосылған бюросының ведомстволық деректерді беру желісі бойынша деректерді жіберуге болады. Барлық жіберілген файлдар шифрланған», – деп атап өтті Бюро басшысы.

Бұған дейін хабарланғандай, 2021 жылдың ұлттық санағының негізгі кезеңі 1 қыркүйектен 30 қазанға дейінгі аралықта өтеді. Оған онлайн-режимінде, сондай-ақ, дәстүрлі тәсілмен де қатысуға болады. 2021 жылдың санағының ұраны – «Қазақстанда әркім маңызды!».

Дайындаған Т.ДЕРЫСАЛИН,
(Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының
баспасөз қызметі).



КОМИССИЯ

Жұмыс барысы
пысықталды**Әсел
ДАҒЖАН**

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі қалалық комиссияның IV отырысын онлайн-байланыс арқылы өткізді.

Жиында топтардың зерттеу жұмыстарының барысы, сондай-ақ, ғалымдардың жұмысын ұйымдастыру, мұрағаттардан қажетті құжаттарды алу, ғылыми жинақтарды, ғылыми-зерттеу

іссапарларын дайындау бойынша ағымдағы мәселелер қаралды.

Қалалық комиссия төрағасының орынбасары, тарих ғылымының докторы Б.Жангуттин саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша тұлғалар мен жаңа санаттарды анықтау бойынша жұмыстың алдын ала нәтижелері, жобалар, іздестіру және ғылыми қызмет туралы баяндады.

Іс-шараға қалалық комиссияның барлық 9 жұмыс тобының, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі» КММ басшылары қатысты.

ЖАҢА СЕРВИС

Делдалдық
жолы кесілмек

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы тұрғын үй иелеріне тіркелген азаматтар мен тіркеуден шығарылған тұрғындар туралы SMS-хабарламалар жолдайтын жаңа сервисті енгізді.

Енді азаматтар ХҚО арқылы тіркелген кезде тұрғын үй иесі өз телефонына тіркелген адамның деректері көрсетілген хабарлама алады. Егер баспана иесі үйінде тұратын адамды тіркеуден шығарғысы келсе, екінші тарапқа да тіркеуден шығарылғаны туралы хабарлама барады.

Егер біреу сіздің қатысуыңызсыз ХҚО арқылы үйіңізге бөгде адамды тіркеуге тырысса, сіз бұл туралы SMS-хабарлама арқылы бірден біле аласыз. Сервис ақылы түрде тіркеуді ұсынатын делдалдарға қарсы күресте көмектеседі.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы азаматтарға тұрғылықты тіркеу қызметін 2019 жылдан бері көрсетіп келеді. Бұған дейін онымен ХҚО-да орналасқан көші-қон қызметінің мамандары айналысқан болатын.

Азаматтарды тұрғылықты жері бойынша eGov порталы арқылы да онлайн тіркеуге немесе тіркеуден шығаруға болады. Ол үшін тұрғын үй иесі мен тіркелген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) болуы керек.

ЖӘРДЕМАҚЫ

Төлем рәсімдеу
жеңілдейді

Баланың тууына және бір жасқа толғанына дейінгі кезеңіне байланысты төленетін жәрдемақының рәсімдегісі келетін алматылықтар енді тұрғылықты жеріне қарамастан, қаланың кез келген ХҚО-ға жүгіне алады. Бұрын тұрақты тіркеудің болуы және тіркелген жері бойынша ХҚО-ға жүгіну – әлеуметтік төлемдерді рәсімдеудің басты талаптарының бірі болған.

Экстерриториалды қағидат тұрғылықты тіркеу орнына тәуелді болмай, клиенттерге қозғалыс еркіндігін береді. Енді қазақстандықтар баланың тууына және оның кезеңіне байланысты жәрдемақыны тіркелген мекенжайына қарамастан, елдің кез келген ХҚО-да бала бір жасқа толғанға дейін оның кезеңіне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді рәсімдей алады. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жыл соңына дейін төлемдердің басқа түрлері бойынша да экстерриториалды қағидатты енгізуді жоспарлап отыр.

Динара МҰРАТ.



ТЕГІН КӨМЕКТИҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

ДӘРІ-ДӘРМЕК САНЫ АРТТЫ

Биылғы жылдың өткен 9 айында Алматы тұрғындарына 14,9 млрд. теңгенің дәрі-дәрмегі тегін берілді. Бұл туралы Медициналық сақтандыру қорының қалалық филиалы хабарлады.

Филиал директоры Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру енгізілгені бері пациенттер бағасы көпшіліктің қалтасын көтере бермейтін қызметтерді белсенді түрде пайдаланып келеді. Соның ішінде медициналық қызмет көлемі ғана емес, сырқат түрлеріне



қарай берілетін дәрі-дәрмек саны да бұрынғыдан бірнеше есе артқан.

Бүгінде МӘМС және тегін медициналық көмек пакеттері шеңберінде 126 түрлі дерт бойынша тегін дәрі-дәрмек беріледі. Тізімдегі ауру-сырқаудың ішінде коронавирус инфекциясы да бар.

«Жалпы, 2021 жылы қос пакет шеңберінде Алматы қаласы бойынша пациенттерді амбулатория деңгейінде дәрі-дәрмекпен қамтуға 19 млрд. теңге бөлінген», – деді филиал басшысы.

ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕК КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Тегін медициналық көмек пакеті бойынша:

- Диспансерлік есепте тұрған Қазақстан азаматтары, ықтиярхаты бар ше тел азаматтары 47 түрлі ауру бойынша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі.

МӘМС пакеті бойынша:

- Белгілі бір сырқатына байланысты диспансерлік есепте тұрған, сақтандырылған азаматтар. Сақтандыру пакеті арқылы ересектерге 27 нозология бойынша, балаларға 52 нозология бойынша дәрі тегін беріледі.
- Дәрі-дәрмек 18 жасқа толмаған балаларға дәрігер тарапынан диагнозы нақтыланғаннан кейін беріледі.

ТЕГІН ДӘРІ АЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?

- Ең алдымен, емханаға тіркелу керек.
- Диспансерлік бақылауға алынатын сырқаты болса, тиісті есепке тұру қажет.
- Учаскелік дәрігер/терапевт немесе емдеп жатқан салалық маманнан дәрі-дәрмекке рецепт алады.

Айнұр НҮРСАБЕТ.

#ЕКПЕАЛ!

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»



**Дариға
РАХЫМҚЫЗЫ,
зейнеткер:**

– Былтыр осы уақытта екпе жоқ кезде елде ауырғандар да, қайтыс болғандар да көп еді. Екпе алғандардың шамамен сегіз пайызына коронавирус жұғуы мүмкін, бірақ ауыр халде жансақтау бөліміне түспейді екен. Ауру әлдеқайда жеңіл өтеді. Мысалы, мен екпе алдым, егде жастағы адаммын. Екпе маған теріс әсер еткен жоқ. Егде адам екпе алса, теріс әсері аз болады екен. Менің бауырым, келінім де егде жаста, олар да вакцина алды. Екпе алмаса, қауіп көп. Басқа амалымыз жоқ. Әрбір адам «Өмір сүргім келсе, вакцина аламын» деген шешімді қабылдауға тиіс. Қымбатты қала тұрғындары, деніміздің саулығы үшін екпе алып, туыс-туғанды індеттен сақтаңыздар.



**Біржан
БАҚТЫБАЙҰЛЫ,
мұғалім:**

– Өлемді жұқпалы індет жайлаған уақытта ешбіріміз онымен күресудің және жақындарымызды сақтандырудың жолын таппадық. Тіпті, көпшілігіміз коронавирустық инфекцияның кесірінен ет жақындарымыздан айырылып қалып жаттық. Өлемді дендеген қауіпті дертті жеңудің жалғыз жолы – екпе қабылдау. Мен өзім тұратын ауданның емханасынан «NauatVax» екпесінің екі бірдей дозасын қабылдадым. Денсаулығымда ешқандай өзгерістер байқалған жоқ, керісінше өзімді қорғанышта жүргендей сезіндім. Баршамыз екпе алып, ұжымдық иммунитет қалыптастырсақ, бұрынғы өмірімізге ораларымыз анық.

Әзірлеген Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

ЕКПЕ

Шаһарда мобильді екпе бригадасы өз жұмыстарын әлі күнге дейін жалғастыруда. Өздеріңіз білетіндей, қаламызда 20 мен 40 жастағы адамдардың ковид жұқтыру қаупі жоғары. Мұны соңғы екі аптада талдау жүргізген мамандар қорытындысы көрсетіпті.



ЖЫЛЖЫМАЛЫ БРИГАДА



Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ал уақытылы иммундау жұмыстарын жүргізу мақсатында үйді-үйге барып, екпе салатын жылжымалы бригадалар да ұйымдастырылған. Дәрігерлердің айтуынша, мұндай шақыртулар көбінесе мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен көпбалалы аналардан келіп түседі екен. «Мен екі бірдей баланың анасымын. Екпе алғым келсе де, үйдің жұмыстарынан сыртқа шыға алмаймын. Оның үстіне, бір жастан енді асқан бүлдіршінмен көпшілік жерге бару да қауіпті ғой. Ауданымызда осындай бригаданың барын естіп, көмектеріне жүгіндім. Менің ойымша, мұндай шаралар мен сияқты баламен отырғандарға өте ыңғайлы. Күіеуім жақында вакцина алған. Енді, міне,

мен алып жатырмын. Бұл балаларымның денсаулығы үшін қажет деп білемін», – дейді қала тұрғыны Жұмагүл Ержанғалиева. Мобильді екпе бригадасын үйге шақырған науқастарға да вакцинаның үш түрін тандауға мүмкіндік бар. Екпені үй-үйге тасу үшін шағын құтты тоназытқыш қызметін атқарады. «Әр вакцинаның сақталу уақыты әртүрлі. «Sinofarm» мен «QazVac» вакцинасын арнайы контейнерге салып әкелеміз. Ал «Спутник V» вакцинасы 18 градус салқындықта сақталуы керек. Ол үшін тоназытқышты үйге апарып, тоққа қосып ерітеміз. Емханадан үйге дейін вакцина құрамы жоғалмайды», – деді №29 қалалық емхананың бөлім меңгерушісі Перизат Әбілдаева. Айта кететін жәйт, қазір қаладағы базарлар мен сауда орындарында барлығы 160 вакцина пункті жұмыс істеп тұр.

КЕҢЕС



«Алдағы күндері еліміздің біраз өңірінде күн суытады» дейді синоптиктер. Күздің қара суығы оңай тимесі анық. Жылда мұндай мезгілде тұмау өршітіні белгілі.

Тұмау – ауа тамшысы арқылы берілетін жұқпалы инфекциялық ауру. Бас ауырып, әлсіреп, асқа тәбет шаппай, төсек тартып жатып қалу ешкімге ұнай қоймас. Сондықтан ауырмай тұрып алдын алуға әбден болады.

Ең алдымен, ұйқыңызды қандырып, сергек жүруге тырысыңыз. Тәулігіне 7 сағаттан кем ұйықтамау керек. Ұйықтай алмай жатсаңыз, таза ауада серуендеп, жақсы нәрсе ойлап, миыңызды тынықтырыңыз. Көңіл күйі көтеріңкі, жүзінде күлкі табы бар адамға ауру да, жағымсыз оқиғалар да кері әсерін тигізсе алмайды.

ТҰМАУДЫҢ ЕМІ – СЕРГЕКТІК

Егер сіз күйзелісте, көңіл күйіңіз болмай жүрсеңіз, суық тигізіп алу, тұмау жұқтыру ықтималдығы өте жоғары. Сонымен қатар, адам тым жұмысбасты болып, күндіз-түні жұмысқа беріліп кетсе де тұмауды тез жұқтырады. Сондықтан тынығыңыз, бір-екі күн өзіңізге демалыс жариялаңыз.

Таңертен жүгіріңіз, көп қимылдаңыз. Тазалық сақтаңыз. Жеке бастың гигиенасына аса мән беріңіз. Қолыңызды жиі жуыңыз.

Айтпақшы, мамандар жүкті әйелдерді және балаларды тұмаудан үй жағдайында емдеу олардың денсаулығы мен өміріне қауіпті екенін ескертеді. Міндетті түрде тек дәрігердің нұсқауымен ем-дом қолданған абзал.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КЕРЕК КЕҢЕС

Күз мезгілінде адам ағзасы әлсіреп, иммунитеті біршама төмендеп, түрлі ауруларға жиі шалдығады екен. Дәрігерлердің айтуынша, әсіресе, созылмалы аурулар осы кезде қатты мазалайды әрі маусымдық аурулар да өршіп кетеді.



**Айнұр
СЕНБАЕВА**

ТҰМАУ

Тұмаудың ең қауіпті кезеңі – күздің орта шені. Осы уақытта тұмау тигізген адамның денсаулығы нашарлап, жұмысқа деген құлшынысы төмендеп, ыстығы көтеріліп, тәбеті болмайды. Тұмаудың негізгі белгілері: мұрыннан су ағу, тамақтың қарлығуы, жөтел...

Тұмау тез жұғады және басқа да ауруларды қоздырады. Бір адам тұмаумен ауырса, айналасындағы 30–40 адамға вирус жұқтырады екен. Сондықтан тұмаудан сақтану үшін адам көп жиналатын жерге



бармай, үйден шығар алдында мұрын айналасына оксолинді мазь жағып алған жөн. Вирусы өршіген кезде тазалық сақтау керек. Тұмауды жеңу үшін иммунитетті көтеретін тұнбалар, шөп дәрілер ішкен дұрыс.

АНГИНА

Ангина тамақ арқылы ауызға енген инфекциядан басталады. Адам жұтыну кезінде ауырсынып, ыстығы көтеріліп, аузынан жағымсыз иіс шығады.

Тамақ баспасы салқын ауа райында қозады. Ангина табаннан, алақаннан суық өткенде де пайда болады. Сондықтан күзде терлеу мен салқын тигізуден сақ болғайсыз.

ЛАРИНГИТ

Ларингитке шалдыққан адамның тамағы қырылдап, дауысы шықпай қалады. Мұрынның ішкі жағы ашып ауырады, құлақ шыңылдап, басы ауырады, ауыздан ыстық леп білінеді. Әсіресе, бала-

лар ларингитпен ауырғанда жағдайлары күрт нашарлап кетеді. Дер кезінде емдемесе, бұл аурудың созылмалы дертке айналу қаупі басым. Ларингиттің алдын алу үшін суық су, газдалған сусын ішуден тартынған жөн.

ЖҮЙКЕ АУРУЛАРЫ

Күзде күн қысқарып, ауа райының салқындауына, күн сәулесіндегі ультрофиолеттің азаюына байланысты адам ағзасында өзгерістер болады. Сондықтан осы маусымда адамның көңіл күйі жиі бұзылып, тез ашуланғыш болып кетеді. Күз мезгілінде адамдардың есінен ауысуы жиілейді, жүйкесі сыр бергендердің ауруы козады. Түннің ұзарып, күннің қысқарған кезінде жол апаты, жарақаттану сынды оқиғалар жиілеп кетеді екен. Психологтер маусымдық құбылыстардың бәрі адам психологиясына әсер ететіндігін айтады. Себебісіз-ақ ашуланып, көңіл күйіңіз жиі құбылып жүргенін байқасаңыз, жүйкені тыныштандыратын тұнба қабылдаған дұрыс. Жағымсыз дүниелерге мән бермеуге тырысып, жақсы нәрселерді ойлау қажет дейді мамандар.

ПИЕЛОНЕФРИТ

Күз мезгілінде қозатын қуық ауруларының бір түрі – пиелонефрит. Бұл ауру гигиеналық тазалықты сақтанбағандықтан пайда болады. Ауруды уақытында емдемесе асқынып, бүйрекке әсер етеді. Өйткені, бүйрекке де тез суық тиеді. Пиелонефрит бүйрек ауруын қоздырған кезде адамның ыстығы көтеріліп, жүрегі айнып, басы ауырады, кейде бұл ауру омыртқаның сегізкөзін қақсатып ауыртыуы да мүмкін. Аурудың алдын алу үшін күзгі жаңбырда су болып қалмауға, аяқты жылы ұстауға тырысу керек.

ЦИСТИТ

Күн салқын кезде жеңіл-желпі киіну, ашық-шашық жүрудің салдарынан, әсіресе, жастар цистит ауруына шалдығып жатады. Цистит кезінде ең бірінші қуық зақымданады. Бұл кезде адамның кіші дәретке отыруы тым қиындап кетеді, тіпті мүмкін болмай да қалады. Циститтен тез емделудің шараларын қолданбаса, ауру бүйрекке кесірін тигізеді. Одан әрі бүкіл ағзаны зақымдайды.

Циститтен сақтану үшін салқын судан, жаурау мен суықтаудан сақтану керек. Бір орында отыра беруге де болмайды, қимылдау керек. Аурудан сақтану үшін жылы киініп, уақытылы ыстық тамақ ішіп, тәулігіне 8 сағат ұйықтаған жөн.



ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

«Әуезовтану»
пәні барНұржамал
ӘЛШЕВА

Осы аптаның сейсенбісінде, яғни 28 қыркүйекте қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің туған күніне орай М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында дәстүрлі «XVIII Әуезов оқулары» ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Конференцияны М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Матыжанов ашып, ұлы жазушының туған күні ұлттық мереке екенін атап, бұл датаның мән-маңызына тоқталды. Қаламгердің алдағы жылы атап өтілер 125 жылдық мерейтойы алдындағы дайындықтың қалай жүріп жатқанын айтты.

Жазушының ұрпағы – белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әуезов әке туралы сыр шертіп, қаламгердің Жапонияға сапары, сол елге деген көзқарасы туралы кеңінен әңгімелеп берді. Ал М.О.Әуезов атындағы университет (Шымкент қаласы) ректоры, профессор Дария Қожамжарова жоғары оқу орнында жазушы есімін ұлықтап, ұрпақ санасына сіңіру мақсатында жасалып жатқан айтулы іс-шаралармен таныстырды. Университетте білім алып жатқан 28 мың студент үшін арнайы «Әуезовтану» пәнін енгізіп, жазушының шығармаларын, өмірлік жолын кеңінен насихаттауды мақсат тұтуы конференция қатысушыларын қуантты. Ал конференцияға Қарағанды қаласынан онлайн қатысқан ҚР Білім мененаты, «Алтын жүрек» ұлттық сыйлығының иегері Бекзат

Алтынбеков мерейтой қарсаңында Қарағанды жұртының Ұлытаудан Шыңғыстауға дейін арнайы сапар ұйымдастырып, жазушы шығармашылығын, тағылымды өмірін насихаттауды мақсат етіп отырғанын жеткізді.

Конференция барысында Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі, әуезовтанушы Мамай Ахет жазушының драматургиясы жайында баяндама жасап, республика театрларына қаламгердің «Дос-Бедел дос» пьесасын сахналау жайындағы ұсынысын айтты. Бұдан бөлек, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкерлері, ф.ғ.д., профессор Қ.Мәдібаева «Әуезов және абайтану мәселелері», ф.ғ.д., профессор Г.Пірәлі «Әуезов және Жамбыл», ф.ғ.к. С.Ананьева «Германиядағы М.О.Әуезов және «Путь Абая» в Белоруси», жазушының ұрпағы, жиен немересі, «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының директоры, ф.ғ.к. Д.Қонаев «Путь Абая» М.О.Ауэзова и проблемы художественного перевода в контексте рецептивного эстетического», А.Мұқан «Әуезов және бүгінгі театр өнері», А.Құрманбаева «М.Әуезов шығармашылығының Семей кезеңі» тақырыптарында баяндама жасап, жазушының шығармашылығы мен өмір деректеріне қатысты мәселелерге тоқталып, мерейтойға байланысты ұсыныстарын да жеткізді.

Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімдігінің қызметкерлері де арнайы келіп, жазушының туған күнімен ұрпақтарын және қаламгердің ізі қалған институт пен музей-үйінің қызметкерлерін құттықтады.

ҚАМҚОРЛЫҚ

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

1 қазан күні әлемде Қарттар күні атап өтілді. Осыған орай, Алматы қаласы Әлеуметтік әлауқат басқармасы басшысының орынбасары міндетін атқарушы Жәнібек Қаратаев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Қаланың қарт азаматтарының белсенді ұзақ өмір сүру жобасына қызығушылығы» туралы баспасөз-конференциясын өткізді. Онда қалада қарттарға көрсетіліп жатқан қамқорлық туралы айтылды.

Жиында Ж.Қаратаев қарт адамдар барлық кейінгі ұрпақ үшін бағдар болып табылатынын атап өтті.

Қазір Алматыда шамамен 231 мың зейнеткер өмір сүреді, олар қала халқының 11,5%-ын құрайды. Жыл сайын қалалық бюджеттен материалдық және әлеуметтік қолдау көрсетуге қомақты қаражат бөлінеді.

Ж.Қаратаев қалада мұқтаж отбасыларға әлеуметтік төлемдердің 17 түрі көрсетілетінін мәлімдеді. Зейнеткерлерге, оның ішінде Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне Жеңіс күніне орай төлемдер жүзеге асырылады және коммуналдық қызметтер үшін шығындар өтеледі. Бұдан басқа, суды, газды есепке алу аспаптарын және газ жабдығын орнату шығындары өтеледі. Жасы бойынша зейнеткерлерге базалық зейнетақыны есептемегенде 25% тө-

Ел қариясы –



леммен санаторлық-курорттық емдеу қызметі ұсынылады.

– Әлеуметтік төлемдер өтініш негізінде және белгілі бір өлшемдерді ескере отырып көрсетіледі. Мысалы, Жеңіс күніне орай 16 800 ардагерге 1,2 млрд. теңге сомасында материалдық көмек көрсетілді, 150 мыңға жуық зейнеткердің коммуналдық шығыстарына төлемдер бөлінді, 1600-ден астам қала тұрғынына тұрғын үй көмегі көрсетілді, – деді Ж.Қаратаев.

Сондай-ақ, конференцияда Алматы қаласының кез келген тұрғыны жасына қарамай ерікті бола алатыны айтылды. Осы бастамамен қазіргі таңда Алматыдағы 200-ден астам зейнеткер «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубтарында авторлық сабақтар өткізіп жатыр.

– Егде жастағы еріктілер арасында өмір бойы жұмыс істеп жүргендер де аз емес. Сондықтан



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБІЙ.

Қазіргі уақытта Алматыда 230 мыңнан астам зейнеткер тұрады. Яғни егде жастағы адамдардың үлесі мегаполис халқының 12,5%-ын құрайды. Бүгінде олардың 25 мыңнан астамы «Белсенді өмір сүру» орталықтарына тіркелген.

Белсенді ұзақ өмір

Бүгінде бұл жоба қаламыздың қарт тұрғындары арасында үлкен сұранысқа ие

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде салауатты өмір салтын ұстануға талпынған зейнеткерлердің қатары күн санап артууда. Бұл ретте Алматыдағы зейнет жасындағы азаматтарға арналған «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының қосар үлесі зор.

Алматы әкімдігі егде жастағы адамдардың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға қамқорлық жасау мақсатында 2018 жылдан бастап «Белсенді ұзақ өмір» жобасын іске қосқан болатын. Бүгінде бұл жоба қаламыздың қарт тұрғындары арасында үлкен сұранысқа ие. Сала басшыларының айтуынша, аталмыш орталыққа күн сайын мыңнан астам қарт адам келеді.

Кез келген қария бақытты өмір сүруге лайық. Олар жасы ұлғайған шақта да өзін қоғамға керек жан екенін сезініп, айналасындағылардың қамқорлығы мен мейіріміне бөленгісі келеді. Сондықтан бос уақыттарында бас қосып, пікір бөлісуге мүмкіндік беретін «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының пайдасы көп. Алматының барлық ауданында ашылған орталықтар бүгінде алматылық зейнеткерлердің сүйікті мекеніне айналып үлгерді.

Шаһар тұрғындарының 12,5%-дан астамы зейнет жасындағы жандар екенін ескерсек, олардың өз уақытын заман талабына сай тиімді өткізуі, қала өміріне белсенді араласуы өздері үшін ғана емес, ең алдымен, болашақ жас ұрпақ үшін де маңызды.

Қалалық мәслихат депутаты, Алмалы және Әуезов аудандарындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығын басқарып отырған Әсия Ақанованың айтуынша, 2018 жылдан бастап орталықтарға 5 мыңнан астам зейнеткер келген. Орталықтың пайдасы да сол, олардың психологиялық жағдайы едәуір жақсарған. Жалғыздікті зейнеткерлер көпшілігі бола бастаған, бірқатарының денсаулықтарында оң өзгерістер болып, өмірге деген құштарлықтары артқан. Өйткені, орталық мамандары аурудың алдын алуға ерекше назар аударады.

Керек дерек

• Алматыда 230 мыңнан астам зейнеткер тұрады.

• «Белсенді өмір сүру» орталықтарына 25 мыңнан астам зейнеткер тіркелген.

– Біздің орталықтарда зейнеткерлер өздеріне ұнайтын кәсіпті ғана емес, жаңа достар да табады. Әр орталыққа 300-ге жуық адам келеді. Зейнеткерлер фитнес, йогамен шұғылданады. Шахмат, дойбы ойнап уақыт өткізеді, скандинавиялық жүріспен айналысады. Сондай-ақ, оларға медициналық пункт қызметі көрсетіледі. Қалауы бойынша смартфон, әлеуметтік желілер, DamiMed, eGov қосымшаларын және компьютерді меңгеруге, қазақ және ағылшын тілін үйрететін курстарға қатыса алады, – дейді орталық басшысы Ә.Ақанова.

Алматының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарында емдік дене шынықтырудан бастап психологиялық кеңес беруге дейін түрлі сабақтар өткізіледі. Көбісі өнерден би мен вокалды, сонымен қатар, аспаздық және мотивациялық курстарды жақсы көреді.

Бүгінде Салауатты өмір салтын ұстануына бағытталған орталықтың қала бойынша 9-ы бар. Онда түрлі мәдени-рухани клубтар бар. Зейнеткерлерге спортпен шұғылдануға барлық жағдай жасалған. Йога, скандинавиялық жүріс, ай-

куне секілді спорттық секциялармен қатар, би үйірмелері жұмыс істейді. Шығармашылықпен айналысқысы келетіндерді сурет салуға, тігін тігу, би-сер моншақтарымен түрлі бұйымдар тоқуға үйрететін түрлі үйірмелер көп. Бұған қоса күнделікті қала бойынша тегін серуен мен мұражайларды аралауға болады. Аға ұрпақты шығармашылық, қоғамдық қызметке араластырып, белсенді өмір сүру ұзақтығын арттыруда, олардың қоғамдық өмірдегі ролін жақсарту мақсатында көптеген жобалар жүзеге асырылуда. Мұнда қарттарға компьютерлік, қаржылық және құқықтық сауаттылыққа үйрету, сондай-ақ, әлеуметтік туризмді дамыту жұмыстары жақсы жолға қойылған. Өз кезегінде бұл игілікті істер жасы үлкен адамдардың қоғамға белсенді түрде араласып, олардың көңіл күйлерінің жоғары болуына жақсы әсер етуде.

Айта кетейік, орталықтың жұмысы туралы толық ақпаратты колл-орталықтың 1308 нөмірі арқылы білуге болады.

ӨНЕР

Екі жыл күттірген кездесу

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Димаш шығармашылық мансабын Қытайда жалғастыратынын мәлімдеді.

Димаш Құдайберген Қытайдағы Beijing College Student Film Festival кинофестивалінің қызыл кілемімен жүріп өтті. Өңші Instagram парақшасында әлемдік шоу-бизнесітегі жұмысын жалғастыру үшін араға екі жыл салып Қытайға оралғанын айтты.

«Дүниежүзілік карантинге байланысты бұл кездесуді екі жыл күттім. Мен бір айға жуық оқишыландым. Осы уақыт ішінде Қытайдағы өз командалмен бірге жүзеге асыратын түрлі жоспарлар дайындадым. Алда әртүрлі концерттерге қатысамын. Әлемнің барлық елдеріндегі телебағдарламалардың қонағы боламын (егер карантинге байланысты концерттер мен телебағдарламаларды түсіруге тыйым салынбаса). Иә, бүкіл әлемде болған карантин менің жоспарыма да әсер етті, бірақ алда өз жұмы-



сыммен қуантатын боламын», – деді Д.Құдайберген.

Димаш кинофестивальге құрметті қонақ ретінде қатысты. Кеш барысында жанкүйерлерге қолтаңба беріп, сахнада «Screaming» әнін орындады. Сондай-ақ, қытайлық БАҚ-қа берген сұхбатында екі жыл ішінде Қытайдағы жанкүйерлерін сағынғанын, елге келгеніне қуанышты екенін айтты.

Тағы бір айта кетерлігі, kingchoise.me сайтында өткен «Азияның ең тартымды 100 ер адамы» атты онлайн дауыс беру байқауында (the 100 most attractive Asian celebs 2021) Димаш Құдайберген 9,3 млн.-нан астам дауыс жинап, 1-орынға ие болды.



ел қазынасы

2020 жылы қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың бастамасы бойынша «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубы жобасы іске қосылды. Мақсаты – тұрмысы төмен және көпбалалы отбасылардан шыққан төменгі сынып оқушылары мен ерекше қажеттілігі бар балаларға өмірлік тәжірибесін, білімі мен дағдыларын беру үшін аға буын мен мүгедек адамдарды қоғамдық өмірге тарту, – деді Ж.Қаратаев.

«Орталықтарда ашылған күннен бастап 25 мыңнан астам зейнеткер тіркеліп, оларға 274 мың қызмет түрі көрсетілген.

Қала әкімінің тапсырмасы бойынша және «Шетсіз қала» бағдарламасы аясында клуб Алматының әр ауданында ашылды. Бүгінде 11 «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубы жұмыс істейді.

Онда зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдар қатарынан 203 педагог қызмет атқарады. Олар бастауыш мектептің негізгі жалпы білім беретін пәндері бойынша авторлық сабақтар (математика, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, IT-технология), сондай-ақ, қосымша білім берудің шығармашылық және спорттық сабақтарын (шахмат, көлөнер, хореография, музыка, актерлік шеберлік) ұсынады. 9 айдың қорытындысы бойынша 2,2 мыңға жуық бала оқытудан өтті.

Ж.Қаратаев Алматыда жалғызбасты зейнеткерлер, мүгедектер, жалғызбасты ерлі-зайыпты және егде жастағы отбасылық жұптар үшін әлеуметтік тұрғын үй жұмыс істейтінін, қазіргі уақытта 51 адам тұратынын хабарлады. Сондай-ақ,

«Шаңырақ» әлеуметтік қызметтер орталығы, бұрынғы Ардагерлер үйі жұмыс істейді, онда 288 адам қамтылған.

Сонымен қатар, аудандық әкімдіктер жанында әлеуметтік қызметкерлер жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерге қызмет көрсетеді. Барлығы 2773 қарт адамға күтім көрсетіледі.

2018 жылдан бастап мегаполисте «Белсенді ұзақ өмір» («Активное долголетие») жол картасы жүзеге асырылуда. Жоба аға буын өкілдері арасында үлкен сұранысқа ие. Белсенді ұзақ өмір сүрудің 9 орталығында қатысушылар ағылшын тілін оқып, компьютерлік сауаттылық курстарынан өтіп, емдік дене шынықтырумен, бимен және басқалармен айналыса алады.

– Жол картасының іргетасы қаладағы алғашқы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының ашылуы болды. Бүгінде қалада 9 «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы қызмет көрсетеді, яғни мұндай орталықтар барлық аудандарда жұмыс істейді. Оларға күн сайын 1 мыңнан астам адам келеді, – деді Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы басшысының орынбасары.

Сонымен қатар, зейнеткерлер бос уақыттарын шахмат, нарды, домино ойнап өткізуіне мүмкіндік бар. Сондай-ақ, орталықта сурет салу, кескіндеме және графика, өсімдік шаруашылығы, көлөнер, сондай-ақ, жадыны нығайту техникасы бар. Орталықтардағы барлық іс-шаралар санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі.

– Шамамен, 13 500 қарт алматылық емдік йогамен, скандинавиялық жүріспен, ЕДШ айналысады. Бұл қызмет түрі, әсіресе, зейнеткерлер арасында танымал. Зейнеткерлер кеңес алу үшін геронтолог, кенезиолог-психологтерге жүгіне алады, – деді Ж.Қаратаев.

Жылы соңында Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының өкілі жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен биыл 500-ден астам зейнеткер үшін Есік, Қапшағай қалаларына, Ой-қарағайға, Қаскелең шатқалына туристік сапарлар ұйымдастырылғанын айтты.

Ағымдағы жылдың шілде айынан бастап белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарында «құм арт-терапия» техникасы курсы жүргізілуде. Бұл – психотерапия әдістерінің бірі, ішкі кернеуді жеңілдету әдісі, қарт азаматтар үшін психоэмоционалды жайлылық жасау. Құрстан слуден астам ересек азаматтар өтті.

Скандинавиялық серуендеу

аптаның бір күнін өзіңізді дамытуға жұмсаңыз!

Түрксіб пен Медеу аудандарының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы Қарттар күніне орай Баум тоғайының етегінде скандинавиялық серуендеуден жарыс өткізіп, артында мерекелік көңілді кеш ұйымдастырды.

Аталған іс-шараға 58–83 жас аралығындағы белсенді қариялар қатысып, өнерлерін ортаға салды. Жиналған жастарға ұлағатты әңгімелерін айтып, аға буын бір-бірімен шүйірлесіп, бір жасап қалды. Осындай қариялардың басын біріктіріп отырған «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының еңбегі ұшан-теңіз деуге болады.

Нұрқасым МОЛДАСАНҰЛЫ, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің спорт және сауықтыру комиссиясының төрағасы:

– Қазан айы қарттарымызға арнап отырмыз. Қаламыздың 8 ауданында спорт түрлерінен түрлі жарыстар ұйымдастырылуда. Жасы біразға келсе де қалыпты өмір салтын ұстанатын зейнеткерлеріміздің саны күн санап артып келеді. Орталықтарда зейнеткерлер фитнес, йогамен айналысады. Шахмат, дойбы ойнап уақыт өткізеді. Скандинавиялық жүріспен айналысады. Оларға медициналық пункт қызмет көрсетеді. Қарттар күніне орай спорттық ойындардың шымылдығын қыркүйек айының 24-і күні Алатау ауданында ашқан едік. Ол жерде апаларымыз 4 спорт түрінен, аталарымыз 4 спорт түрінен бақ сынады. Олар 100 метрге жүгіру, бір орыннан ұзындыққа секіру, доп лақтыру, денені жерден көтеру сынды спорт түрлерінен сайысқа түсті. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар табыс етілді.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Гүлмира
ЖЫЛҚЫБАЙҚЫЗЫ,
зейнеткер:

– Бүгінгі күні «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы біз секілді жасы келген адамдардың қамқоршысына айналды. Неге дейсіз ғой? Өзім зейнетке шыққаннан кейін денсаулығым сыр бере бастады. Артық салмақпен жүріп-тұруым да қиынға соқты. Содан не керек, осынау орталыққа жездеміз де келген екен, маған да осы жерде скандинавиялық серуендеумен айналысып, жаңа орта табуыма көмектесті. Қазақпыз ғой, бастапқыда осынша жасқа келіп спортпен айналысқаным ұят болар деп қысылғаным рас. Алайда, орталықтың қызметкерлері әлі-ақ үйреніп кетесіз, денсаулығыңыз да ретке келеді деп көндірді. Осында келгеніме төрт жылдың жүзі болыпты. Жасым болса 68-ге келді, біраз салмақ тастадым, қан айналымым жақсара бастады. Омыртқамның ауырғаны, буын-буынымның сырқырағаны да қойды. Шүкір, бүгінде



ешкімнің көмегіне сүйенбей-ақ баратын жағымға өзім-ақ жетіп аламын. Қазіргі таңда зейнетке шыққан адамдардың көпшілігі үйде жатып демалғанды жақсы көреді. Алайда, күнделікті таза ауада спортпен айналысудың пайдасын жете түсіне қоймайды. Сол себептен, оқырмандарға айтарым, күнделікті күйбең тіршілікті қоя тұрып, аптаның бір күнін өзіңізді дамытуға жұмсаңыз!

Меруерт
ТАҢЖАРЫҚҚЫЗЫ,
Түрксіб аудандық
«Белсенді ұзақ
өмір сүру»
орталығының әкімшісі:

– Біз ауданымыздың зейнеткерлерін, ата-әжелерді жыл сайын орталыққа шақырамыз. Ол кісілерге өзіміздің жұмыстарымызды таныстырамыз. Спорт түрлерімен айналысуға, қазақ, ағылшын тілдерін үйренуге жағдай жасаймыз. Компьютермен жұмыс істеуді де үйретудеміз. Сонымен қатар, медициналық көмек көрсетіп, үнемі қан қысымын өлшеп, қалыпты өмір салтын ұстануларына қолұшын созамыз. Қазіргі таңда орталығымыздың барлық зейнеткерлері екпе алған. Біз ұйымшыл ұжымбыз. Тіпті, карантин кезінде азық-түліктен қиналған кісілерге өз қалтамыздан көмек көрсеттік. Себебі, біз бір отбасындай болып кеттік.

Марина КАСАТКИНА,
скандинавиялық жүріс нұсқаушы:

– «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының ұйымдастырушылары мені «Евразия» атты мектептен шақыртып, егде жастағыларға спортпен айналысуға көмек беруімді өтінді. Өзім де скандинавиялық жүріс арқылы денсаулығымды қалыпқа келтіргендіктен, бірден келісе кеттім. Орталықта жұмыс істеп жүргеніме 3 жылдың жүзі болды. Бастапқыда ата-апаларымыз дұрыс жүре алмайтын. 100 шақырымды әрең еңсеретін. Кей кездері беттері қайтып

қалатын. Қазіргі таңда бәрінің құлшыныстары артқан, 700–800 метр қашықтықты қиналмай-ақ жүріп өтеді. Тауларға шығып, көлдерді жағалап жүреміз. Осы спорт түрімен айналысатындардың ең кішісі 59-да болса, үлкендері 83–87-лерге келіп қалды. Көбісінің денсаулықтары да біршама жақсарған.

Алғаш спортпен айналыса бастағанда, қарт кісілердің саны 20-ға толмаса, бүгінде санымыз артып, екі топқа 30–40-тан бөлінеміз. Қаламызда скандинавиялық жүріспен айналысатын 5 жүгіру орны бар. Таза ауада спортпен айналысып, көңілімізді де, өмірімізді де көркейтудеміз.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



Жарқын бастама

Қазақ ұлттық опера және балет театрының сахнасында П.И.Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару» балетінің премьерасы өтеді. ГАТОБ Kopokbaev group-пен бірлесіп ұсынған бұл жобаны үлкен сахнада әлемдік балет жұлдыздары, Мәскеу Үлкен театрының солистері, «Кремль балетінің» прима балеринасы Дарья Бочкова (Аврора ханшайым) және Клим Ефимов (Дезире ханзадасы) қояды. Премьера Қазақстанның балет өнерінің майталманы Эдуард Мальбековтың мерейтойына арналған Dance to Day фестивалі аясында өтеді және 88-театр маусымының жарқын бастамасы болмақ.

Күні мен уақыты: 2 және 3 қазан, басталуы 18.00. Орны: Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театры (Қабанбай батыр көшесі, 110).




Онлайн-фестиваль

Алматылықтар Qara Film Festival фестивалі аясында әлемдік кинематографтың ең жаңа және жарқын туындыларын онлайн тамашалай алады. Биыл деректі фильмдер фестиваліне 10 елден үміткер қатысады. Чили, Түркия, Швеция, Германия, Норвегия, Финляндия, Грузия, Бельгия, АҚШ және Румыниядан келген түсірілім топтары өз картиналарын көрерменге ұсынады.

– Фестиваль күрделі 2020 жылы дүниеге келді және Қазақстанның түкпір-түкпірінен 2200-ден астам көрерменді өткен жылдардағы 8 үздік деректі фильммен таныстырды, – дейді ұйымдастырушылар.

Осы жылы QaraFest халықаралық байқауына қатысушы фильмдер сізді тарихы эстетикалық ләззат сыйлап қана қоймай, сонымен қатар, Алматы ипподромында тұяқтардың астына түсу туралы әдеттегі нанымға күмән келтіретін ойдан шығарылмаған кейіпкерлерді көруге тағы да шақырады. Ұсынылатын тұқымдардың қатарында Қостанай, ақалтеке, Араб асыл тұқымды тұқымдары, троттерлер, пони және мини-жылқылар, ауыр жүк көліктері, экзотикалық жылқылар бар. Барлық фильмдер қазақ және орыс субтитрлерімен түпнұсқа тілінде көрсетіледі.

Күні мен орны: онлайн-фестиваль виртуалды алаңда 30 қыркүйек пен 9 қазан аралығында сілтеме бойынша өтеді <https://qarafilmfest.kz>.



Мата мен қаламның үйлесімі

Aspan Gallery өзбек суретшісі Дилара Каипованың Қазақстандағы алғашқы жеке көрмесін ашады. Экспозиция ерекше, өйткені мұнда өнер туындылары ретінде шапандар, халаттар және жай маталар ұсынылған. Дилара Каипова абра маталарына арналған өз суреттерін жасайды және Маргиланнан келген көлөнершілермен бірге дәстүрлі өзбек киімдерін жасайды. Суретші дәстүрлі африкалық мотивтерді заманауи танымал символдармен үйлестіреді.

Күні мен уақыты: көрмені 7 қарашаға дейін тегін тамашалауға болады. Жұмыс уақыты: сейсенбіден сенбі, сағат – 11.00-ден 19.00-ге дейін. Жексенбі күні – 12.00-ден 18.00-ге дейін. Өтетін орны: Aspan Gallery (әл-Фараби даңғылы, 140 А/3, 1-қабат).

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



ЕРТЕҢ – ҰСТАЗДАР КҮНІ

Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім.

Ахмет БАЙТҮРСЫНОВ.

Айнұр
СЕНБАЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Иә, «өзінің уақытын аямайтын, өзгенің бақытын аялайтын» ардақты жандардың мәртебесі қашан да биік. Жылда қазан айының алғашқы жексенбісінде елімізде Ұстаздар күні аталып өтеді. Ұстазды бір күн емес, өмір бойы ұлықтасақ та артық болмайды. Дегенмен, дәл осы мерекеде ұстаздарымыздың құшағы гүлге толып, шәкірттерінің жылы лебізіне бөленіп, бір жасап қалады.

Жасыратыны жоқ, бір кездері мұғалімдер болмашы жалақы үшін үй қарасын көрмей таңнан кешке дейін мектепте жүрсе де еңбектері бағаланбаған кездер болды. Олар өздерінің ең басты міндеті баланы оқытудан бөлек, өзге де қоғамдық жұмыстарға тартылып, қағазбастылықпен бастары қататын. Осындай қиын кезеңдерде де мамандығына адалдық танытып, барға қанағат еткен ұстаздар қауымының еңбегі өлшеусіз.

Ал қазіргі заманның басты қаһарманы – мұғалім. Дәрігерлер індетпен күрескенде, балаларды қашықтан оқытуға кіріскен мұғалімдердің карантин кезінде қадірі тіпті арта түсті. Онлайн оқудың машақатын көрген оқушы мен ата-аналардың мұғалімге деген құрметі артқанын мойындамасқа болмас.

Онлайн-сабақ кезінде бала мұғалімнің бет-бейнесін көре алмады. Сыныптағы, аудиториядағы мұғалімнің балаға беретін тәрбие мәселесі көлеңкеде қалып қойды. Балаға мектеп пен мұғалім беретін дүниенің орны бөлек. Сондықтан қашықтан оқудың үлкен кемшілігі – баланың өмірінде мұғалімнің рөлі асады. Мұғалім жүрген жер, мектеп – бұл қоғам. Қазіргі заманда телефонға телміріп өсіп келе жатқан балалардың қоғамдануы өте күрделі мәселе. Қоғамнан шеттетіліп қалған балалардың ортаға бейімделуі қиын. Әсіресе, көпқабатты үйде тұра-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҰСТАЗДЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ – МЕЙІРІМІНДЕ!

тын қаланың балалары мектепке, балабақшаға бармай үйде отырса, олардың дамуына бұл үлкен соққы. Бастауыш сыныпта оқитын бала анасының емес, мұғалімнің үйреткенін қабылдайды. Өйткені, баланың түсінігінде мұғалім – білім беруші тұлға.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі мұғалімдер қауымының еңбегін елеп, оларға алғысын білдірген болатын. Жалпы, соңғы жылдары ұстаздардың ко-

ғамдағы беделі жоғарылап, жалақылары да әжептәуір көтерілді. Еліміздің бас ұстазы, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мырза да мұғалімдерге өз тарапынан барынша қолдау көрсетіп келеді. Жыл сайын мұғалімдердің алғашқы жарнасыз тұрғын үй алуына, білімдерін жетілдіріп, біліктіліктерін арттыруға мемлекет қазынасынан бөлінетін қаржының көлемі де арта түсті.



Гаухар ӨТЕПБЕРГЕН,
Алматы қаласы, Жетісу ауданы
№118 мектеп-гимназиясының мұғалімі:

МҰҒАЛІМДЕРГЕ ІЗДЕНІС КЕРЕК

Балаға қайтсем бірдеңе үйретем деген мұғалімнің әр сабағына тиынақты дайындалуы үшін уақыт пен мүмкіндік керек. Сондықтан мұғалімдердің өз міндетінен бөлек, басқа қоғамдық жұмыстардан босатылғаны өте орынды болды. Өйткені, қазіргі заманның балалары көп нәрсені біледі, жан-жақты ақпараттанған. Сондықтан оларды таңқалдыру мүмкін емес. Осындай мүмкіндік туғызып отырғаннан кейін, жалақыға үстеме қосылғаннан кейін мұғалімдер тарапынан да ізденіс керек. Мұғалім сабағына тыңғылықты дайындалмаса, жұмысының нәтижесі болмайды. Өйткені, онлайн-сабақ кезінде жақсы оқитын баланың мұғалімсіз-ақ ақпаратты кез келген жерден ала алатынын көрдік. Ал мұғалімнің міндеті – сол ақпаратты жан-жақты тарқатып түсіндіру. Мұғалім оқушының кез келген сұрағына жауап бере алатындай дайындалуы керек. Қазіргі жаңартылған білім мазмұны бойынша кітап негізгі ресурс болып саналады. Бірақ мұғалім тек оқулықпен шектеліп қалмай, кез келген ақпарат көздерін пайдаланып, толықтырып, оқушыға өз ізденісінің нәтижесін де көрсете білсе керемет емес пе! Бүгінде мұғалімдердің негізгі олқылықтары – жаттанды тақырып, жаттанды әдіс-тәсілдер. Ал жалпы баланың танымындағы мұғалімнің келбеті өзгеріп кетті деп айта алмаймын. Қай уақытта да бала үшін мұғалімнің бейнесі асыл.

КЕРЕК ДЕРЕК

МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Ұстазды жер бетіндегі барлық мамандықтың анасы деуге әбден болады. Себебі, одан тәрбие алмайтын жан жоқ. Әлемдік сауалнама көрсеткендей, мұғалімдер қоғамның әл-ауқатына байланысты мамандықтар рейтингінде әскерилер мен дәрігерлерден кейін 2-орында.

Зерттеушілер мұғалімнің әуе қозғалысын басқарушы, ұшқыш немесе өрт сөндіруші сияқты ауыр мамандық екенін айтады.

Қазіргі таңда әлемде Ұстаздар күні 100-ден астам елде аталып өтіледі.

Дүниежүзілік мұғалімдер күні алғаш рет 1994 жылдың 5 қазанында тойланған. Сол уақыттан бері барлық мерекелік кеш, мектепшілік іс-шаралар дәл осы күні аталып келеді. Ұстаздар мейрамы 1965 жылдан бастап КСРО-да 5 қазанға бекітілген болатын. 1994 жылдан бастап Ресей, Әзербайжан, Қырғызстан, Молдова, Армения мен Эстония 5 қазан күні мерекелейді. Алайда, 1980 жылдың 1 қазанында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша Мұғалімдер күні қазан айының 1-жексенбісіне қойылды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін де Қазақстан, Әзербайжан, Белоруссия, Қырғызстан, Латвия және Украина елдері бұл мерекені қазан айының алғашқы жексенбісінде тойлап жүр. Ал басқа мемлекеттер ұстаздар күнін басқа күндерде атап өтеді. Мәселен, Албания ұстаздар мерекесіне 8 наурыз, Солтүстік Корея 9 мамыр, Оңтүстік Корея 15 мамыр, Вьетнам 20 қараша, Түркия 24 қарашаны белгілеген.

ТҰСАУКЕСЕР

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында елімізге белгілі тілші-ғалымдар, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академиктері, жоғары оқу орындарының профессорлары мен жас ғалымдар тілге деген құрметті арттырып, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруде атқарылар ауқымды мәселелерді талқылады.

Жиын барысында ҚР Ұлттық Ғылым академиясы мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұйымдастыруымен ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор Кәрімбек Құрманәлиевтің «Тіл және тұлға» атты кітабының таныстырылымы өтті.

Туындыда Алаш зиялыларының жолын жалғастырып, тіл білімі ғылымының ілгерілеуіне, оның түркологияда өзіндік орын алуына өлшеусіз үлес қосқан академиктердің еңбектері жан-жақты баяндалған. Бұл еңбекте Ұлттық Ғылым академиясының академиктері – қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, А.Ысқақов, Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова сынды аға буын өкілдері тілші-ғалымдардың ғылыми-шығармашылық қызметі, ғылыми еңбектері туралы мақалалар топтастырылған.

Кітап таныстырылымына модераторлық еткен Тіл білімі институтының директоры Анар Фасылжан кіріспе сөз сөйлеп, ҚР ҰҒА Президенті Мұрат Жұрыновтың құттықтау сөзін оқып берді.

Кітаптың лентасын қию құрметі ғалымдар З.Базарбаева, Ж.Манкеева және «Ана тілі» газетінің бас редакторы Қ.Сәрсенбайға табысталды.



ТІЛ ЖАНАШЫРЫ

«Тіл және тұлға» кітабының тұсауы кесілді

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор:

— Қазақ тіл білімінің дамуына, оның түркологияда орын алуына үлес қосқан аға буын өкілдеріміз жетерлік. Олардың әрқайсысының тіл ғылымына деген сіңірген еңбектерін көпшілік оқырман, әсіресе, жастар білсін деп осы еңбекті жазып шықтым. Кітап мың дана, 10 баспа табақ көлемінде болып шықты. Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейінгі кез бен қазіргі мемлекеттік тіл кезеңін салыстыруға келмейді. Қазір біраз көш ілгері келеді. Бірақ әлі де тілді дамыта түсетін, «әттеген-ай» дейтін мәселелер жоқ емес. Сондықтан бұл кітап тек ғалымдарға ғана емес, жалпы оқырманға арналған кітап болады деп ойлаймын. Кітап оқырманға қолжетімді. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сайтында электронды нұсқасы сақталады.

Жамал АЙТҚАЛИҚЫЗЫ, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор:

— Мәдени іс-шара қаладағы зиялы қауым өкілдері үшін мәнді жиын деп ойлаймын. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған ғылыми іс-шараларға тікелей қатысы бар. Себебі, тәуелсіздіктің ең үлкен табысы, жеңісі – ана тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы. Сондықтан тілдің мәртебесін танытып, тілдің құдіретін ұғындыратын ғалымдардың еңбегін көрсету өте маңызды.

Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі... мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ... жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек.

Әбу Насыр Әл-ФАРАБИ.

«Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені, мұғалім – мектептің жүрегі».

Ыбырай АЛТЫНСАРИН.

«Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады».

Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ.

«Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік хәм өз жанымызға (қазақ жанына) үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ сергтесуге болады».

Мағжан ЖҰМАБАЕВ.

«Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет».

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.



ОНЛАЙН-ЕСЕП

ӘЛЕМДІК БИІК ТАЛАПТАРҒА САЙ

ҚазҰАЗУ халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіндегі өз ұстанымын нығайтып келеді

Соңғы жылдары әкімдер ғана емес, жоғары оқу орны ректорларының да халық алдына шығып, атқарылған жұмыстарының есебін беруі дәстүрге айналды.

Таяуда аграрлық білімнің қарашаңырағы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ректоры Тілектес Есполов онлайн түрде бір жылдық атқарылған жұмыстарының есебін берді.

Жазғы және қысқы мектептер өткізіліп жатыр. АҚШ, Еуропа, Тынық мұхит аймағы елдерінің беделді университеттерімен белсенді ынтымақтаса отырып, ҚазҰАЗУ қос тарапта білім берудің 11 бағдарламасын қалыптастырды. Сондай-ақ, университет өзінің инновациялық дамуында аграрлық мамандықтар бойынша QS әлемдік рейтингінде №1 жоғары оқу орны болып табылатын Вагенинген зерттеу университетінің (WUR, Нидерланды) тәжірибесін басшылыққа алады, — деді Тілектес Есполов.

Жалпы, білім жүйесінде сәт сайын жаңалық ашылып отырады. Оқу ордасында заман талабына сай «Вагенинген-Қазақстан» институты ашылды. Вагенинген университетімен «Ветеринариялық-тамақ қауіпсіздігі және технологиясы» және «Өсімдіктер және



Беделді оқу ордасы басшысының есеп беру кездесуін жұртшылық YouTube каналында және әлеуметтік желілерде (Facebook және Instagram) тікелей эфир арқылы тамашалады. Кездесуге еліміздің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ҚР Ұлттық ғылым академиясының басшылығы, Ауыл шаруашылығы, Білім және ғылым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің, Алматы облысы, Алматы қаласы және Медеу ауданы әкімдіктерінің өкілдері, АҚШ, Ресей, Белоруссия, Қырғызстан және т.б. елдердің танымал ғалымдары, жұмыс берушілер — агроқұрылымдардың басшылары, жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу институттарының, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, ҚазҰАУ-дың профессор-оқытушылары мен студенттер, БАҚ өкілдері қатысты. Оқу ордасы басшысының есеп беру кездесуі онлайн болғандықтан, бұл жолы ата-аналардың да қатысуына мүмкіндік туды.

Алғашқы сөз кезегін алған Тілектес Есполов 2020-2021 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды. Оқу ордасы соңғы жылдары Ұлттық зерттеу университеті мәртебесін иеленгені белгілі. Жиын барысында оқу ордасы заман талаптарына сәйкес, өзінің одан әрі дамыту жоспарын жариялады. Сонымен қатар, ҚазҰАЗУ ректоры оқу ордасында атқарылып жатқан жұмыстардың түрлі аспектілері, аграрлық ғылым мен білімді жетілдіру процесінде туындаған жетістіктер мен мәселелер және оны өндіріспен интеграциялау туралы кеңінен ортаға салып, алдағы белгіленген стратегиялық мақсаттар мен даму бағдарламасымен көпшілікті жан-жақты таныстырып өтті.

Мәселен, өткен оқу жылында университет ұжымы білім беру сапасын арттыру, ғылым жүйесін жетілдіру, халықаралық ынтымақтастық, тәрбие, жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуы, инфрақұрылымды дамыту, кадрлық әлеуетті жақсарту және басқа да салаларда көптеген маңызды жұмыстар атқарды. Соның бір дәлелі — биыл университет алғаш рет QS-2021 әлемдік рейтингінде 60 позицияға көтеріліп, 551-орынға ие болды.

Университет аграрлық салада жетекші рөл атқаратын, Қазақстандағы бірден-бір жоғары оқу орны болып табылады, ауыл шаруашылығы ғылымдары және биоресурстар, ветеринария, бакалавриат, магистратура, докторантура бағыттары бойынша мамандар дайындайды.

«Жаңа талапқа сай Халықаралық білім Хабы құрылды. Оқу ордасында академиялық ұтқырлық дамуда, үш тілде білім беру жүйесі енгізілген, 14 бағыт бойынша халықаралық

технологиялар туралы ғылым» білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды бірлесіп даярлау туралы келісімге қол қойылды. Жыл артқан сайын ҚазҰАЗУ еліміздегі жаңа бағыттағы зерттеу университеті ретінде ұлттық деңгейде табыстарға жетіп, әлемдік ғылыми ортада мойындалып, халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіндегі өз ұстанымын нығайтып келеді.

Online есеп беру кездесуінде — КАҚ «Ұлттық аграрлық ғылым-білім беру орталығының» басқарма төрайымы Гүлмира Исаева, ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов, ҚР Жобалық менеджерлері одағының президенті, «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Алексей Цеховой, Жер қатынастары жөніндегі мемлекеттік университеттің ректоры (Ресей), ТМД жетекші аграрлық ЖОО Ректорлар кеңесі төрағасының орынбасары, РҒА академигі Сергей Волков, Мичиган штаты университетінің профессоры (АҚШ) Джигуан Чен, Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институтының құрметті директоры, профессор Рафис Абазов, Машеров атындағы Витебск мемлекеттік университетінің инновациялық даму орталығының директоры Александр Курдеко сияқты бірқатар ғылым және қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары сөз алып, оқу ордасының атқарып отырған жұмыстарына жоғарғы баға берді.

«Зерттеу университеті» деген атаққа лайық болу үшін ең бірінші аграрлық нарықта сұранысқа ие мамандар дайындауда ерекше көңіл бөлетін нәрсе — білім сапасын жоғарылату, болашақ мамандарды ғылым және ғылымға негізделген жоғары технологияларда натын кәсіпорындардың және ғылыми-зерттеу университеттердің негізінде дайындау. Сонымен қатар, мұнда магистранттар мен докторанттарды дайындауға басымдық беріледі, ол үшін шетелдік үздік ғалымдар көптеп тартылады. Сондықтан жан-жақты оқу-ғылым инфрақұрылымын дамыту, озық технологияларға бейімдейтін орталықтардың жұмыс жасауын күшейту — негізгі мәселе. Оқу ордасының алға қойған мақсаты — халықаралық QS рейтингінің 551-орнынан 2024 жылы топ 400-ге кіру. Пандемияға байланысты университет ғалымдары АӨК-нің барлық бағыттары бойынша ауыл кәсіпкерлері үшін 100-ге жуық онлайн-конференция өткізді. Оған Қазақстанның барлық өңірлерінен 40 мыңнан астам ауыл кәсіпкері қатысты. Есептік кезеңде барлығы 12 000 сұрақ келіп түсті. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің сұрақтарына жауап беру үшін Call-орталық табысты жұмыс жасауда.

ТҰЛҒАТАНУ



«МҰҒАЛІМ - МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ»

Биыл қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толып отыр.

Жақында Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов еліміздің ең үздік ұстаздарын Қостанайда жинап, алқалы жиын өткізді. «Кел, балалар, оқылық» деп барша қазақ баласын қара тануға шақырған алғашқы ағартушының рухына тағзым етіп, ескерткішіне гүл шоғын қойды.

Ыбырай Алтынсарин — қазақ халқының ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған тұлға. Табысқа жетудің бірден-бір жолы —

оқу деп білген Балғожа немересі Ыбырайды Орынборда ашылуы жоспарланған орыс-қазақ мектебіне күні бұрын жаздырып қояды. Бидің ондағы мақсаты, әрине, немересінің бала оқытып, педагог болуы емес, әкімшілік орындарда жұмыс істеп, шенеунік, ата-анасын асырай алатын азамат, орысша оқыған «төре» болып шығуы еді. Мектеп 1850 жылы ашылды, оған қабылданған 30 қазақ баласының бірі — 9 жастағы Ыбырай еді.

Мектепте сабақты ынта қойып оқыған ол, 1857 жылы оқуын «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығып, 1859 жылдың тамызына дейін өзінің туған елінде тілмаштық қызмет атқарады. 1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді. Бірақ мектеп бірден ашыла қоймайды. Бұл аралықта Ыбырай ел ішінде мектептің пайдасын түсіндіріп, біраз баланы өз үйінде оқытады. Торғай мектебі 1864 жылы ғана ашылады. Ыбырай мектептегі сабақ пен тәрбие жұмысын сол кездегі орыс мектептері үлгісінде құрады. Сабақты қазақ тілінде жүргізе отырып, ол балаларға орыс тілін үйретуге, пән негіздерінен білім беруге тырысады. Тәрбие жұмысын адамгершілігі мол, жаңа ұрпақ тәрбиелеп шығаруға бейімдейді.

1879 жылы Ыбырай Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады. Бұл оның ағартушылық қызметінің кең өріс алуына жол ашады. Ол еуропалық үлгідегі мектептер ашу ісімен шұғылданады. 1879–1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе) жаңа мектептер ашады. 1883 жылы Торғай қаласында колонер мектебі ашылды. Ол қазақ даласындағы техникалық білім беретін тұңғыш оқу орны болды. Ыбырай қазақ қыздарын оқыту ісіне ерекше көңіл бөледі. Ыбырай мектептер ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Бұл ретте ол мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады.

ІЗЕТ

Білім министрі:

Есімі жадымда сақталып қалды

Ұстаздардың кәсіби мерекесі қарсаңында Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов барша жұртшылықты өз ұстаздарын құттықтап, жылы лебіз білдіруге шақырған еді.

Өзінің Facebook-тегі парақшасында алғашқы ұстаздарын еске алған министр:

— Әр адамның өмірінде алғашқы ұстазы ерекше орын алады. Алғашқы ұстаздың бала өміріндегі рөлі мен орны, әсіресе, бүлдіршіндер бастауыш сыныптан 5-сыныпқа ауысқан кезде байқалады. Менің ең алғашқы ұстазымның есімі — Любовь Гомзелева. Осы бір жанның әдемі жазуы мен әсем күлкісі әлі күнге дейін көз алдымда. Бастауыш сыныптарда оқып жүргенімізде өзімізді ерекше сезініп, мұғалімнің оқушыға деген қамқорлығы мен сүйіспеншілігін көріп өстік. Меніңше, сыныптағы әр оқушы мұғалімнің қолдауы мен махаббатын сезініп, өзін ерекшесін деп ойласа — бұл педагог бойындағы ерекше қасиеттен дер едім. Маған сабақ берген тарих пәнінің мұғалімдері Марат Исабекулы мен Тыныштық Нұрбекқызының сабақтары өте



қызықты өтетін. Шет ел тілі мұғалімі Алла Васильевнаның есімі жадымда сақталып қалды. Сондай-ақ, орыс тілі пәнінің мұғалімі Любовь Ивановна да әлі есімде. Ерекше қатал және талапшыл жан еді. Жоғары оқу орнында оқып жүрген кездегі оқытушыларым да керемет жандар болды, — деп еске алды.

Министр мұғалім мамандығын таңдауға әсер еткен ұстаздарына осылайша құрмет білдірді.

АКЦИЯ

«Ұстазыңды құттықта!»

Биылғы оқу жылы білім саласы қызметкерлері үшін зор қуанышпен басталды. Дәстүрлі оқу форматына көшіп, сүйікті мектебімізге оралдық. Енді, міне, күні ертең Ұстаздар мерекесін атап өтеміз.

Білім және ғылым министрлігі ұстаздарымыздың еңбегін бағалап, республика бойынша «Ұстазыңды құттықта!» акциясын бастаған еді. Осыған орай, Алатау аудандық білім бөлімі мен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары аудан мектептерінде бірнеше мерекелік іс-шаралар ұйымдастырды. Аудан мектептерінде «Ұстаз аты биік әрі мәңгілік» атты сурет көрмесі, «Ұстазға тағзым» тақырыбында эсселер байқауы өтуде.

Аталмыш акцияға Алатау ауданы мектептерінің оқушылары да белсенділікпен үн қатуда. Жалпы, акция — ұстазға құрмет көрсетіп, еңбегін бағалаудың бір үлгісі. Сонымен қатар, бұл акцияға тек оқушылар ғана емес, мектеп тұлғалары да қызу қолдау көрсетуде.

Арайлым ЖАҚЫПОВА,
№152 мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ҮЗДІК

Табысты түлектер ордасы

Мемлекеттердің білім деңгейін саралап отыратын Халықаралық PISA зерттеулер орталығы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің дүние жүзі бойынша математикадан — 3, жаратылыстанудан — 5, оқу сауаттылығы бойынша — 9-орында екенін анықтады. Ал аталған мектеп оқушыларының халықаралық олимпиадалардағы қол жеткізген табыстары — өз алдына бөлек әңгіме.

Осы уақыт ішінде еліміздегі Назарбаев Зияткерлік мектептерін бітірген 14 500 түлектің әрбір төртіншісі үздік Назарбаев Университетіне қабылданды. Биылғы жылдың өзінде Назарбаев Зияткерлік мектебін бітірген түлектердің 29 пайызы Назарбаев Университетінің, ал 78 түлегі әлемнің ең озық университеттерінің студенті атанды.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы

4–10 қазан – Дүниежүзілік ғарыш апталығы. Ғарыш дәуірі басталған күнді 1967 жылғы қыркүйекте Халықаралық астронавтика федерациясы жариялаған.

БҰҰ Бас Ассамблеясы 1999 жылғы желтоқсанның 6-сында адам әл-ауқатын жақсартуға ғарыш ғылымы мен техникасы қосатын қомақты үлесті атап көрсету мақсатымен қазанның 4-і мен 10-ы аралығындағы аптаны Дүниежүзілік ғарыш апталығы (World Space Week) деп жариялады.

Адамзат үшін ғарыш дәуірінің басталған күні – Қазақстан үшін айрықша мереке. 1957 жылы қазанның 4-інде нақ Қазақстан жеріндегі Байқоңыр ғарыш айлағынан планета тарихында тұңғыш рет Жердің жасанды серігі ғарышқа шықты. Сондай-ақ, 1960 жылы тамызда бортында Белка мен Стрелка бар «Спутник-5» ұшырылды.

Байқоңыр кеңестік және ресейліктер үшін ғана емес, сонымен бірге, әлемдік космонавтика саласы үшін нағыз таңғажайып орынға айналды. 1961 жылы әлемдегі тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин, 1963 жылы – алғашқы ғарышкер әйел Валентина Терешкова, ал екі жылдан кейін – ашық ғарышқа шыққан алғашқы адам Алексей Леонов осы жерден ғарышқа көтерілді. Байқоңырдан «Протон», «Циклон» және «Энергия» тасымалдағыш-зымырандары орбитаға ұшырылды.

Байқоңыр ғарышқа ұшқан кеңестік, сосын ресейлік және шетелдік ғарыш кемелері үшін де басты ғарыш айлағына айналды. Бұл айлақтан ғарыш кеңістігіне үш қазақ азаматы ұшып барып қайтты. Олар: Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов. Олардың есімдері Қазақстан тарихы бетіне алтын әріптермен жазылды. Токтар Әубәкіров 1991 жылы 2 сәуірде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ол қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер. Қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев ғарышқа 3 рет ұшқан. Ол Гиннесс рекордтар кітабына енгізілген: бір ұшу мерзімінде оған дейін ешкім ашық ғарышқа бір тәуліктен артық болып көрмеген. Талғат Мұсабаев 1994, 1998, 2001 жылдары жалпы ұзақтығы 341 күн болатын үш рет ғарышқа ұшып барып, жеті рет ашық ғарышқа шықты. Айдын Айымбетов 2015 жылы қыркүйекте Байқоңыр ғарыш айлағынан Халықаралық ғарыш станциясына ұшып барып, маңызды зерттеулер жүргізді. Айдын Ақанұлы жуырда ғана «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰҚ» АҚ Басқармасының төрағасы лауазымына тағайындалды.

Байқоңыр әлемдегі ең үлкен ғарыш айлағы және көптеген жылдар бойына жылына ұшыру саны бойынша көшбасшы болып тұр. Ресей өзінің ғарыштық бағдарламасының 70 па-

АДАМЗАТТЫҢ ҒАРЫШТЫҚ ДӘУІРІ Қазақстанда басталған

*Жердің жасанды серігі ғарышқа әлем тарихында тұңғыш рет
Байқоңыр айлағынан ұшырылды*



йызын Байқоңыр ғарыш айлағын пайдаланып жүзеге асырады. Байқоңырда Қазақстан Ресеймен бірлесіп, өзінің ұлттық ғарыштық бағдарламасын жүзеге асыруда.

Қазақстанның ерекшелігі, дамушы ел ретінде экономикасының шикізаттық бағыты, көптеген аймақтарының экологиялық ластануы, шет ел инвестициялары мен жаңа технологиялар импортына деген қажеттілік, инфрақұрылымның артта қалуымен қатар, оның дамыған ел ретінде халқының жаппай сауаттылығы, ғылыми-зерттеу мекемелерінің кең жүйесі, ғарыштық зерттеулер белгілеріне ие екендігінде болып отыр.

Қазақстан өзінің жеке ғарыштық бағдарламасы бар державаға айналып келеді. Біртұтас бастамаға негізделген елдің ғарыштық инфрақұрылымы ұйымдастырылды, ғарыштық қызметті дамытудың барлық стратегиялық бағыттарын қамтитын кәсіпорындар бар. Білікті ғылыми және инженерлік кадрлар қалыптасты. Ғарыштық аппараттардың екі орбиталық тобы нәтижелі іске қосылды. Жерді қашықтықтан зерттеу мен спутниктік байланыс құрылғылары, «Бәйтерек» ғарыштық зымырандық кешенін құру жобасы жүзеге асуда.

Бұл – біздің Тәуелсіздіктің 30 жылы ішіндегі қол жеткіз-

ген табыстарымыз бен жетістіктеріміздің бір көрінісі ғана. Осының бәрі – тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанды түбегейлі жаңғыртудың күрделі де қарқынды үрдісі, батыл реформалар мен инновациялардың нәтижесі.

Кейінгі жылдары ғарышты ғылыми зерттеу жұмыстары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде де белсенді жүргізілуде. Мысалы, ҚХР Ғылым академиясының Аэроғарыштық ақпарат ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп Жерді қашықтықтан зондтау орталығы ашылды. ҚазҰУ посткеңестік кеңістіктегі алғашқы қазақстандық наноспутниктерді – Әл-Фараби-1 және Әл-Фараби-2-ні ғарышқа ұшырған санаулы университеттердің бірі. Бұл ғарыштық технологиялар саласында қуатты кластер құруға мүмкіндік берді. Бүгінде шетелдік серіктестермен бірлесіп отандық университеттің микроспутнигін жасау жұмыстары басталды.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Қамбар ата көрмесі

Алматы ипподромында әртүрлі тұқымды жылқылардың көрмесі өтеді. Көрермен алдына шығатын тұқымдардың қатарында ақалтеке, Араб асыл тұқымды жылқылары, троттерлер, пони және мини-жылқылар, ауыр жүк көліктері, экзотикалық жылқылар бар. Сондай-ақ, алматылық шеберлер ат үстіндегі фотожұмыстар, мүсіндер мен картиналардың көрме-сатылымын ұсынады. Сонымен қатар, бұл күні көрермендер Алматы әкімінің кубогіне таласатын таза тұқымды жылқылардың жарысын көреді.

Күні мен уақыты: 2 қазан, басталуы сағат 11.00.

Өтетін орны: Алматы ипподромы (Омаров көшесі, 10 А).



Мәңгілік құндылық

Жаіқ қазақ мәдениеті этнофестивалі осы демалыс күндері Алматы маңында өтеді. Тілек білдірушілер тек қана бақылап қоймай, сонымен қатар қазақтың ұлттық командалық ойындарына қатыса алады, ұлттық тағамдарды дайындаудың дәмді құпияларын біліп, дәстүрлі тағамдардан дәм тата алады. Батырлар мен қару-жарақтың шоуы қылыштар мен қару-жарақтардың шеберлігімен таныстырады. Сондай-ақ, садақ ату бойынша шеберлік сабағы өтеді. Этнофестиваль ежелгі дәстүрлерді жандандырады, қазақстандықтардың тарихи сауаттылығы мен патриоттық тәрбиесін арттыруға ықпал етеді.

Күні мен уақыты: 2 және 3 қазан, басталуы сағат 8.00.

Өтетін орны: Этно-ауыл, Алматы облысы.



Шеберлер ауылы шақырады

Нағыз шеберлер қаласы осы демалыс күндері Алматы Арба-тында өрбиді. Жібек жолы даңғылында Желтоқсан мен Наурызбай батыр көшелерінің арасында дәстүрлі колөнер жәрмеңкесі өтеді. Өз бұйымдарын Қазақстанның түрлі өңірлерінен және көрші мемлекеттерден шеберлер әкеледі. Бай зергерлік бұйымдар, керамикалық ыдыс-аяқ, ағаш қораптар, киізден жасалған киім және боялған батик секілді көптеген бұйымдарды тікелей шеберлерден көруге және сатып алуға болады. Жәрмеңке екі бағытта өтеді – дәстүрлі колөнер бұйымдары және заманауи колөнер бұйымдары. Сондай-ақ, алты қанатты киіз үй орнату жоспарлануда. Келем деушілерге есік ашық!

Күні мен уақыты: 2 және 3 қазан, сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін.

Өтетін орны: Жібек жолы даңғылы, Желтоқсан мен Наурызбай батыр көшелерінің аралығында.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

БРИФИНГ

«Қайырымдылық керуені»



Рая
ЕСКЕНДІР

Кеше Өңірлік коммуникациялар қызметі орталығында IV республикалық «Қайырымдылық керуені» байқауының басталуына орай баспасөз конференциясы өтті.

Жиынды Алматы қаласы бойынша Іскер әйелдер Қауымдастығының төрайымы Балым Батаева ашып, жүргізіп отырды.

– «Нұрсұлтан Назарбаев қоры» республикалық «Қайырымдылық керуені» акциясының басталғанын хабарлайды. Осынау қайырымдылық іс-шарасы біздің қоғамда талай жомарт жүректі, қайырымды жандардың көп екенін дәлелдей түсті. Әсіресе, әлемдік індет кезінде қолындағы барымен бөлісіп, қиын-қыстауда көмекке келген жандардың кеңдігіне, мейіріміне тәнті болдық. Бұл байқауға қатыспай-ақ, қайырымдылық танытып жүрген жандарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – деді спикер.

«Нұрсұлтан Назарбаев қоры» биыл да барлық өңірлерде Іскер әйелдер Қауымдастығымен, «Хабар», «КТК» телеарналары, «Оқжетпес» сауықтыру орталығымен бірлесе отырып, игілікті істі бастап кетті. Қазірдің өзінде қайырымдылығымен көзге түскендер саны өте көп екенін байқадық. Бізді қатты қуантқаны қоғамдағы мейірімді жандардың көптігі, олардың төнірекке бей-жай қарамайтындығы болды. Алғаш рет байқауға қатысушылар саны өте аз болып, оларды іздеуге тура келсе, былтыр олардың саны 700-ден асып кетті. Сонымен, биылғы байқау 7 аталым бойынша өтеді.

– Байқаудың ең басты аталымы – «Ажар» деп аталады. Бұл аталым қазақтың ұлттық әдет-ғұрпын жаңғыртып, халқымыздың салт-дәстүрін ұлықтаған жандарға



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

беріледі. Келесі аталым «Батыр жүрек». Аты айтып тұрғандай, Жеддел жәрдем, Полиция, Өрт сөндірушілер, Төтенше жағдайлар қызметінде ерлік істерімен танылған жандарға арналған марапат. Осы салада қызмет ететін жандардың байқауға қатысуларына болады. Ал «Туған жер» аталымы өзінің кіші Отаны, яғни туған жеріне көмек қолын созып, мектеп, балабақша, саябақ салып, ескерткіш тұрғызған азаматтарымызды ардақтау мақсатында беріледі. Содан кейінгі аталым «Мейірім жолында» деп аталып, бір емес, жыл сайын қайырымдылық танытатын «атымтай жомарттарға» арналады. «Қайырымдылық тарихы» аталымы БАҚ өкілдеріне арналады. Бұл аталыммен қайырымдылық туралы жазып жүрген, сюжет түсіріп жүрген БАҚ өкілдері марапатталады. Байқаудың «Бала жүрегі» аталымына 6–18 жас аралығындағы балалар қатыса алады. Ең соңғы аталым «Жануарларға мейірім» деп аталады. Табиғатқа, жан-жануарға көмек

көрсеткен жандарды осы аталыммен марапаттаймыз, – деді Балым Жұмабайқызы.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Ренат Бекбергенов өз сөзінде көптеген алматылықтардың игі істерден тыс қалмай, қаламыздың дамуына үлкен үлес қосатынын атап өтті.

– Біздің қоғам үшін дәл осындай мейірімді жандардың болғаны маңызды. Олардың өз кандидатураларын ұсынбайтыны да белгілі. Сондықтан біз өз тарапымыздан және «Мейірімділер клубымен» бірлесіп, азаматтық ұстанымы бар үміткерлерді іріктеуге көмектесеміз, – деді Ренат Бекбергенов.

Баспасөз жиынында «Almaty» ТРК АҚ Бас директоры Нұржан Мұхамеджанова, 2020 жылғы «Қайырымдылық марафоны» республикалық байқауының жеңімпазы София Сүюбаева сөз алып, қайырымдылық шарасына қатысуға шақырды. Байқау жеңімпаздары қараша айында белгілі болады.



КАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесе мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ІЛТИПАТ

Алғыс айтсам деп едім...

Әлемдік індет ұстаз еңбегінің зор екенін тағы бір дәлелдеп берді. Менің байқағаным, бүкіл бір әулет, ата-әже, ата-ана жабыла жүріп мұғалімнің орнын толтыра алмайды екенбіз.

Қалыпты өмірде бар ауыртпалықты мұғалімнің мойнына артып қойып, мектептен көп нәрсе талап еттік. Ал қиын сәтте біз, ата-аналар, ұстаз еңбегінің ерен екеніне куә болдық. Осынау мәртебелі мамандық иелерінің еңбегіне табыс, отбасына бақ-береке тілей отырып, қандай қиын жағдай болса да ұстаздың орны төр екенін айтқым келеді.

Мен қаланың байырғы тұрғыны ретінде Түркістан ауданына қарасты Д.Бабаев атындағы №115 мектеп басшысы Әлия Шорманова бастаған ұстаздар қауымын алдағы төл мерекелерімен құттықтаймын! Осы мектепте ұзақ жылдар бойы абыроймен еңбек етіп келе жатқан Н.Шындәулетова, Г.Тоғанбекова, Ә.Сатыбалдиев, Ә.Тәжібаева, А.Тоғызбаева, Ә.Нұрғожаева, Р.Телқараева, А.Мақұлбекова, П.Терлікбаева және басқа да білім ұясының ұстаздарын барша ата-аналар атынан құттықтай отырып, абырой биігінен көріне беріңіздер дегім келеді.

Калес АЙДАРҚҰЛОВА,
зейнеткер.

БАЙҚАУ

Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына арналған ескерткіштің үздік жобасына ашық конкурстың БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ

1. Байқаудың мақсаттары

Қазақстан Республикасында тұрғызылып жатқан ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссияға ұсыныс енгізу үшін көркем-сәулет және мүсіндік композиция жасау жолымен Қазақстан тарихындағы маңызды оқиға – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына арналған ескерткіштің ең үздік тұжырымдамалық мүсіндік-көркемдік шешімі айқындалсын.

1. Конкурстың бағдарламасы

Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына арналған «Желтоқсан» ескерткіші – 1986 жылғы болған, Қазақстан тарихында түбегейлі бетбұрыс, жаңа, тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуының басы болған оқиғалардың барлық маңыздылығы мен драматизмін бейнелеуі тиіс. Оқиғаларды бейнелейтін образдар Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі үшін күрескен оның қатысушыларының жастығын, оқиғаның тарихилығын көрсетуі керек.

Ескерткіш қойылатын орынның архитектуралық және ландшафттық ерекшелігімен үйлесуі керек.

Жобада берік материалдар (мәрмәр, гранит, қола және т.б.) пайдаланылуы тиіс.

Орналыатын орны – Алматы қаласы, Түркістан ауданы, «Жас қанат» шағынауданы, «Желтоқсан» саябағы.

1. Конкурстың шарттары:

Конкурсқа барлық қалаушылар, сондай-ақ, авторлық ұжымдар қатыса алады. Конкурстың өткізілуі: 2021 жылғы 2 қазан мен 21 қазан аралығы. Жобалар 2021 жылдың 21 қазаннан кешіктірілмей, мына мекенжайға: 050000, Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, Алматы қаласы Мәдениет басқармасы, №444 кабинетке тапсырылады.

Басқа қалалардағы авторлар жобаларды белгіленген мерзімнен кешіктірмей пошталық түбіртек нөмірін алдын ала хабарлай отырып, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының мекенжайына жібереді.

Конкурсқа жобалары алты таңбалы санмен белгіленген ұранмен ұсынылады. Ұран конкурсқа ұсынылған жоба материалының, сондай-ақ, конверттің жоғарғы оң жақ бұрышында жазылады (биіктігі 1 см). Желімделген ұрандық конвертте авторының аты-жөні мен мекенжайы көрсетілген ақпараттық парақ салынады.

Қысқаша түсініктеме жазба ескерткіштің көркемдік шешімі мен кеңістікті ұйымдастыру қағидалары және негізгі идеясы мазмұндалған №14 өлшемді «Times New Roman» қарпімен бірінші жол аралығымен басылған 2 парақтан аспайтын мәтіннен тұратын 2 данада ұсынылады.

Конкурс қорытындысы бойынша Алматы қаласының Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиясы шешім қабылдайды.

Конкурс шарттары сақталмай ұсынылған жобалар конкурсқа жіберілмейді және Комиссияда қаралмайды.

2. Конкурстың жоба ұсыныстарының құрамы және ұсынылатын материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар:

1. Ескерткіш (мүсіндік туынды) эскизі

масштабы 1:10

2. Бас жоспар (схемалық жоспар)

масштабы 1:200

3. Ескерткіш (мүсіндік туынды) 2 фасады,

масштабы 1:20

1 перспективасы

4. Түсініктеме жазба

Жобалар 60x80 см. көлемдегі планшетте беріледі. Графикалық орындау әдістері макеттің түсі, техникасы және материалы авторлардың қалауы бойынша орындалады.

Қосымша ақпараттар пен анықтамаларды 8 (727) 272-11-09 телефоны арқылы алуға болады.

Шебер ана – шебер бала

Алматы қаласы Медеу ауданындағы «Бақытты отбасы» орталығы әрқашан жаңа курстармен толықтырылып отырады. Ол курстарға аналардың да, жаңа білімге дайын балалардың да қатысуға мүмкіндігі бар. Барлық өтіп жатқан курстар орталығымыздағы балалар мен аналарға тек жаңашылдық қана алып келмей, сондай-ақ, нәтиже деңгейінде де тек жоғары көрсеткіштер беруде.

Курстарға қатысқан балалар ең алғашында тек қызығушылық білдіріп келсе, кейін хоббиларына айналып, бүгінде жұмыспен қамтылып және шағын кәсіптерін бастап кеткен.

Оның нақты дәлелі – курс қатысушылары 13 жасар Толғанай мен 18 жасар Ислам.

Толғанай жаз мезгілінде «Шебер ана» курсына қатысып, өзекті білезік жасаудың түр-түрін меңгерді. Оқу барысында еңбекқорлығымен әрі талпынысымен көзге түсіп, қазіргі таңда сол білезіктерді сату арқылы алғашқы кәсібін жүргізіп жүр.

Ал Ислам болса, «Ұялы телефон жөндеу» курсының ең үздік шәкірттерінің бірі. Оқуда алған әр ақпаратты практикада қолдана білгенінің арқасында жетекшісімен бірге телефон жөндеу орталығында жұмыс атқарып, табысын тауып жүр. Жетекшісі – Дулатов Рамазанның айтуынша, Ислам күніне 5-6 телефонды іске келтіруде, күндік жалақысы кемінде 5000 теңгені құрайды.

«Еңбек еткен – мұратқа жеткен» демекші, Ислам мен Толғанайдың батылдығы, еңбекке құштарлығы болашақтағы мақсаттарына жетуіне бірден-бір көмек әрі үлкен тәжірибе деп ойлаймыз.

Қосымша ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады:

8 747 671 06 26 – Жұмаш Анар.

Анықтама: Медеу ауданының «Бақытты отбасы» орталығы – 2019 жылдың ақпанынан бастап жұмыс істеп келе жатқан көп балалы аналардың әлеуметтік орталығы. Орталық көпбалалы, аз қамтылған, толық емес және мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға қызмет көрсетеді. Аналарға атаулы әлеуметтік көмекке тәуелді болмай, әйелдердің дамуына арналған тегін курстар мен бизнес бастау үшін грант ұтып алу мүмкіндігін ұсынады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДҮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalesmesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



ВАКЦИНАЛАР НЕЛІКТЕН ЕКІ КОМПОНЕНТТЕН ТҰРАДЫ?



Егер вакциналарды әзірлеу кезінде бір дозаның тиімділігі жеткіліксіз болса, вирус туралы еске салып және антиденелерді барынша мол түзіп, бірінші дозаның әсерін күшейту және нығайтуға иммундық жасушаларды ынталандыру үшін екінші доза қажет

kazinform
CORONA VIRUS 2020 KZ
© «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі, 2021 жыл

ВАКЦИНАЦИЯҒА ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

ВАКЦИНАЦИЯ АЛДЫН АЛА ЖАЗЫЛУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕДІ:



EGOV
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ
ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ

DAMUMED
МОБИЛЬДІ
ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ

ӨЗ ЕМХАНАҒЫЗҒА
ТЕЛЕФОНМЕН ҚОҢЫРАУ
ШАЛУ АРҚЫЛЫ



© «ҚАЗАҚПАРАТ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ 2021 ЖЫЛ WWW.KAZINFO.KZ МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНФОРМ» 2021 ГОД © Д.С.Саматова Ж.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Сандықтың сыйы кеткен бе?..



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Көрші үйдің жер төселесіндегі дүкен жабылып, кіреберісінде тек тігінші апай ғана қалған. Балағы, жөні ұзын киімдерді, үйде инемен икемдеуге келмейтін дүниелерді сол кісіге апарып тіккізіп аламын. Кеше барғанда азық-түлік дүкені болған бөлмеге жұрттың керек емес заттарын шығарып тастағанын көрдім. Ескі орындық, төсеніш, ыдыс-табақ қаз-қатар тізіліп тұр. Қоқысқа тастауға обалсынып, «керек адам осы жерден алсын» дегендей, көрінетіндей етіп қойыпты. Арғы шетінде тұрған сандық көзіме оттай басылды.

Жақынырақ барып қарасам, бәріміздің үйімізде болған, бетіне қаңылтыр қағылып, оның үстіне ою-өрнек түскен кәдімгі ағаш сандық. Сенесіз бе, шаң басса да жалтырап тұр. Бетіне қызылдан қошқар мүйіз түскен екен. Күтіп ұсталғаны сонша, аузындағы құлып салғыш орнында тұр әрі сандықтың бірде-бір шегесі кетпейті. Таңқалғаным, неше жыл күтіп ұстап, неге бұлай шығарып тастады екен? Кеше-бүгін алынған зат емесі белгілі, өйткені, ондай сандықтарды қазір базардан таппайсыз.

Тарихқа үнілсек, сандық ғасырлар бойы киіз үй интерьерінің айнымас бөлігі болып келді. Онда киім, тамақ пен ыдыс, қымбат бұйымдар мен әшекейлер сақталатын. Ата-бабамыз сандықта зат сақтап қана қоймай, оны орындық, үстел, шкаф, тіпті керуест ретінде де пайдаланған.



Сандық көшкенде түйеге артуға өте ыңғайлы болған. Осы ретте ауылда тұратын бір үлкен кісінің сөзі ойға оралады. Ол келіндеріне «сандық затпен қоса, сыр сақтайды» деп үнемі айтып отыратын. «Сандығы бар үйде сыр болады» дейтін. Олай дейтіні, екі ортада әңгіме жүрмесін дегені екен ғой.

Автобуста жасы 50-ге жақындап қалған екі кісі әңгімелесіп отыр. Біріншісі: «Негізі, үйге бір сандық керек екен. Қыздарға деп жинаған маталар, костюмдер мыж-мыж болып әр жерде жатыр», – деді. Екіншісі: «Үйің тар болып қалмай ма? Шкафтың бір жеріне бүктеп қоя бермейсің бе?», – деді. «Сандықта тұрса, бір жағынан ешкімге беріп жібермей жинайсың. Ал көзге көрініп тұрса кете береді ғой», – деді алғашқысы.

Қысқасы, қалалықтар үйдің тарлығын ескеріп, артық заттардан қашады. Әлгі шаң басқан сандық та солай шығып қалған секілді. Одан құтылғанша асыққандар оның құндылығын, бір кезде оны біреуге ата-анасы жасау етіп бергенін ойламағаны анық.

Жуырда үйде жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Заттарды шығаратын жер табу керек болды. Сыйтын заттарды шығарып, қалғанын бөлменің ортасына үйіп, бетін жауып қойдық. Кезек сандыққа келген кезде жұмысшылар «мынаны не үшін сақтап жүрсіз, шығарып тастамайсыз ба, қанша орын алып тұр» деп «ақыл» айтты. Өйткені, ішіндегі затымен ары-бері қозғағылары жоқ. Содан құлпын ашып, ішіндегі заттарды шығарғанда олар таңырқап қалды. «Мына заттың бәрі осының ішінен шықты ма?» деп сұрады. Мен күліп, «осы сандық болмаса, осының бәрі жайрап, әр жерде тұратын еді» дедім. Жолдасым да сандықты шығарып тастайық деп жүрген болатын, ішіндегі затты көргесін бүгінде үндемейтін болды.

Рас, сандық затты сақтайды да, жинайды да.

БӘРЕКЕЛДІ!

Әлеуметтік желі қолданушылары Алматыда такси жүргізушісінің кейуанаға 1,5 млн. теңгесін қайтарып бергені туралы оқиғаны жарыса жазып жатыр. Үлгі болар қадамды біз де сізбен бөлісейік.

Оқиға былай болған екен. Жиһаз компаниясында менеджер болып жұмыс істейтін, бос уақытында такси жүргізушісі болып қосымша ақша табатын 23 жастағы Бекарыс Әлімнұр 19 қыркүйек күні алматылық екі қарияны дитеген жеріне жеткізіп тастаған. Кейінірек жігіт егде жастағы жолаушылардың көлікте ақшасы мен әшекейлері бар шабадан қалдырып кеткенін байқайды. Ақша болғанда да 1,5 миллион теңге және алтын бұйымдар.

«Ата-анам бірден «ақшаны

Міне, азамат!



қайтару керек» деді. Мен заттардың иесін 11 күн бойы іздедім. Көрсетілген мекенжай бойынша келіп, барлық көршісінен сұрадым. Ақыры таптым. Ақшаны иесіне бергеніме қуаныштымын. Әкейдің өзі ол жерде қанша ақша болғанын білмейді

екен. Шамасы, бір нәрсеге, әлде емделуге жинаған болар. Қуанған әкей мені қатты құшақтап алды. Тіпті, біраз жылады. Әкей алғыс ретінде маған ақша ұсынды, бірақ мен алмадым», – дейді иманды жігіт.

Ақшасы табылған кейуанының күтпеген қуанышты сәті бейнеленген видео әлеуметтік желілерге жедел тарап кеткен. «Мен бұл видеоның бұлайша таралып кетуін қалаған емеспін. Ал әкемнің түсіріп тұрғанын білмедім де. Содан кейін ол видео ватсаптағы «Туыстар» чатына жіберілген еді, кейін солай таралып кетіпті», – дейді қарапайым қайырымды жігіт.


ПІКІРТАЛАС

«Өл» дегені несі?

Әлеуметтік желіде жарияланған 1-сыныпқа арналған көмекші құралындағы «өл» сөзіне байланысты пікірлер әлі толастар емес.

Әсіресе, ата-аналар бұл жағымсыз сөзді балаға жаздыртудағы мақсат қандай екенін жабыла сұрауда. Дәптер «Менің алтын жазу үлгім» деп аталады екен. Авторы – С.Трофимова.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілдері бұл жазу дәптері мектептерге арналған бекітілген оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендер тізбесіне енгізілмегенін хабарлады. Сондай-ақ, дәптер мемлекеттік сараптамадан өтпеген.



«Оқу-әдістемелік кешен дегеніміз – оқулықты сүйемелдейтін, міндетті талаптарға сәйкес әзірленген әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, хрестоматия, диктанттар жинағы,

тапсырмалар мен жаттығулар жинағы, картографиялық атлас. Аталған жазу дәптері секілді қосымша оқу басылымдарын, оқулықтарды, дәптерлерді және басқа қосымша материалдарды таңдау құқығы білім беру ұйымдарына берілген. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін жоғарыда көрсетілген мәселелерді реттеу мүмкіндігі қаралатын болады», – делінген министрлік жауабында.

Осы орайда, министрлік ресми бекітілмеген басылымдар ашық сатылымда және ол интернетте де қолжетімді екенін ескертті. Сондықтан осындай көмекші оқу құралдарын сатып алмас бұрын олардың мазмұн-сапасына, қажеттілігіне ұйымның педагогтері мен әдістемелік бірлестіктері мұқият қарауы қажет секілді.

ШАРА

Тегін зарарсыздандырылмақ

Алматы қаласында қанғыбас жануарлардың санын реттеудің 2021–2024 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде үй жануарларын тегін зарарсыздандыру және кастрациялау іс-шаралары жалғасады. Бұл бағытта шамамен 4000 ит пен мысық қамтылады.

Бағдарлама аясындағы жұмыстар биылғы 1 қазан мен 31 желтоқсан аралығында жүзеге асырылады. Оған қатысуға ветеринариялық паспорты мен микрочипі бар жануарлар жіберіледі. Бұл өз кезегінде жануарларды «Pet Control» деректер қорында нақты есепке алу үшін керек. Ал микрочипі мен паспорты болмаған жағдайда оларды кез келген ветеринариялық емханадан қосымша ақы төлеп алуға болады.

Иттер мен мысықтарды зарарсыздандырудың жас шектеуі – 7 айдан 9 жасқа дейін, төбет иттер мен мысықтарды зарарсыздандырудың жас шектеуі – 6 айдан 9 жасқа дейін.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.